

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№89-90 (6541) 22 қазан, сейсенбі, 2024 жыл.

www.aqshamnews.kz

АҚОРДА

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЧЕХИЯ:

көпжылдық әрі нәтижелі ынтымақтастық



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Чехияның Сыртқы істер министрі
Ян Липавскийді қабылдады

Президент сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен Чехия арасында достық пен өзара құрметке құрылған көпжылдық әрі нәтижелі ынтымақтастық қалыптасқанын атап өтті. Екі елдің сауда және инвестициялық байланыстарын одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар екеніне назар аударып, еліміздің чех инвесторларына алдағы уақытта да қолдау білдіруге дайын екенін айтты. Министрдің бұл сапары екі ел арасындағы көпжақты қарым-қатынастың нығаюына тың серпін беретініне сенім білдірді. Қазақстан Еуропа Одағындағы маңызды серіктестерінің бірі саналатын Чехиямен тығыз ықпалдастық жасауға бейіл.

Өз кезегінде Ян Липавский кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдіріп, Чехия Президенті Петр Павелдің Қасым-Жомарт Тоқаевты Прагаға ресми сапармен келуге шақырғанын жеткізді. Қарқынды экономикалық байланыстар қазақ-чех ынтымақтастығының негізі саналатынына назар аударған Ян Липавский өнеркәсіп, «жасыл» даму талаптарына көшу және энергетика салаларын бірлескен жұмыстың басым бағыттары ретінде атап өтті.

Тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Чехия Президенті Петр Павелге ізгі тілегін жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz)

САРАПТАМА



Жаһандық экономика: ГЕОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты – маңызды бірегей модель

2

#ТАЗАҚАЗАҚСТАН



«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

Қала – жалғыз, ал біз – көппіз, оның тазалығына өзіміз жауаптымыз!

8-9

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КОНЦЕРТ ТЕ, ЦИРК ТЕ, КӨРМЕ ДЕ БІЗДЕ

Мегаполисте Республика күніне орай өтетін салтанаттың бәрі сіздерге арналады



Мәселен, 21–24 қазан аралығында Алматы мемлекеттік куыршақ театрында (Пушкин көшесі, 63) «ALMATY PUPPET FESTIVAL» II Халықаралық куыршақ театрларының фестивалі өтеді. Қазақстан, Қытай, Польша, Чехия, Болгария, Грузия, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Ресейден келген артистер көрермендерге үздік қойылымдарын ұсынады. Ал 21 қазанда сағат 18.00-де Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (Достық даңғылы, 13) «Жаңа ғасыр» театрының «Соңғы қоңырау» спектаклін тамашалауға болады.

22 қазан сағат 16.00-де «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Атамекен – айбыным» мерекелік концерт өтеді. Сахнада ҚР мәдениет қайраткері, дәстүрлі әндерді орындаушы Алма Аманжолова, эстрада әншісі Марал Анарбек, әнші Сандуғаш Стамғазиева және т.б. өнер көрсетеді. Сол күні сағат 18.00-де ҚР Жас суретшілер одағының мүшелері «Сағындырған әуендер-ай» көрмесінде өздерінің картиналарын, графикалық және акварельдік жұмыстарын, мүсіндерін, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын ұсынады. Бұл іс-шара Almaty Gallery-де (Достық, 44) өтеді.

23 қазан сағат 12.00-де Ықылас атындағы ұлттық музыкалық аспаптар мұражайында камералық оркестрдің қатысуымен «Ақ жауын» концерті болады. Осы уақытта Қазақ мемлекеттік циркінде «Пілдегі жолбарыс» қайырымдылық шоуы өтеді. Цирк қойылымына аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 1700 бала, сондай-ақ қала тұрғындарының мобильділігі төмен топтары шақырылды.

11

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

22.10.2024

Түнде:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

23.10.2024

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

24.10.2024

Түнде:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+9+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Жаһандық экономика:

ГЕОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты – маңызды бірегей модель

Бүгінде халықаралық қатынастар жүйесінде экономикалық өсімді саяси тұрақтылықсыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Соңғы жылдары күрмеуі қиын мәселелердің біріне айналған Ресей мен Украина арасындағы және Таяу Шығыстағы Израиль мен Иран арасындағы статус-квоның ушығуы жаһандық экономикаға салмақ салып отыр. Өткен аптада Иран тарапынан Израильге бағытталған әуе шабуылы нәтижесінде әлемдік нарықта мұнай бағасы 10%-ға өсті. Геосаяси шешімдердің салдары әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге негіз болуда. Осыған орай, жаһандық саясаттағы «шахмат тастары жүрісінің» елімізге ықпалын талдап көрелік.

• Қазақстан жоғары шикізаттық әлеуетімен мұнай-газ секторының ұлттық экономиканы дамытуға қосқан үлесін күшейтіп келеді. Еліміздің экономикасы үшін мұнай-газ секторы стратегиялық маңызды сала болып табылады. Елде көмірсутек ресурстарының айтарлықтай қоры бар. Мұнай қорларының жалпы көлемі шамамен, 30 млрд баррельді немесе әлемдік қордың 1,7%-ын құрайды.

• Таяу Шығыста геосаяси тұрақсыздық үдеген сайын әлемде мұнай бағасы тұрақсызданып, салдары тұтас әлемдік экономикаға әсер етуде. Стратегиялық тұрғыда аймақтық қақтығыстардың уақыттылы шешімін таппауы күрмеуі қиын жаһандық күрделі мәселелерді қалыптастыруда.



(Фотодереккөз: Midjourney).

Жаңа кедергілер, аймақтық мүдделер

XXI ғасырдың басында әлемге ортақ адамзаттық құндылықтардың кенінен қолдау тауып отырғанының куәсі болдық. Алайда, соңғы бес жыл көлемінде халықаралық саясатта жаһандық емес, аймақтық мүдделердің бірінші орынға шыққанын көріп отырмыз. Бүгінгі таңда әлем елдері Таяу Шығыс пен Шығыс Еуропа аясында құрылымдық тұрғыда екі бөлікке бөлінуде. Тіпті, он бес мыңға жуық Солтүстік Кореялық әскерилер Ресей атынан Украина жеріне соғысқа аттануы бүгінгі таңдағы саяси дағдарыстың күрделеніп бара жатқандығының көрінісі. Әрбір блок елдерін біріктіретін құндылық қақтығысты шешуге деген көзқарастары бойынша анықталып отыр. Экономика саласындағы сарапшылар арасында жақын арада БРИКС

(Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка) ұйымы арасында бірегей қаржы валютасын шығару жоспары кеңінен талқылануда. Аталмыш ұйымның жеке валютасының қалыптасуы өзіндік ерекшеліктерімен бірге келетініне қарамастан, бүгінгі таңда құрылымдық тұрғыда мүмкін емес болып отыр. Себебі, Ресей Президенті В.Путин (баспасөзге берген сұхбатында) ұйым елдерінің қаржылық тұрғыда бірегей ұстанымдарының қалыптасуына уақыт қажет деп санайды.

Әлемдік тәртіптің құрылымы мен ықпалы неге төмен?

Халықаралық саясаттағы қазіргі дағдарыс әлемдік экономикалық жүйеге ықпал етіп отыр. Олай дейтініміз, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан әлемдік

тәртіптің құрылымы мен ықпалы төмендеп, бүгінде БРИКС, АСЕАН сынды ұйымдардың ықпалының артқанына куә болып отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында атап өткендей, жаһандық тұрақтылықтың негізгі заң үстемдігінде. Бұл тұрғыда Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты бүгінгідей геосаяси күрделі шақта маңызды бірегей модель қалыптастырды.

Мысалы, өткен аптада Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли отандық БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында Президентке Қазақстанның БРИКС құрылымына қосылу туралы ұсыныстар түсіп, ауқымды талдау мен сараптаудың нәтижесінде қазір және жақын болашақта еліміз БРИКС ұйымына мүше болуға өтініш беруден қалыс қалатынын айтты. Бұл шешім Қазақстан үшін стратегиялық тұрғыда келесі екі негіз бойынша маңызды.

Стратегиялық екі негіз

Біріншіден, Қазақстан халықаралық саясатта прагматикалық, конструктивті дипломатияның жаршысы екендігін дәлелдеді. Себебі, осыған дейінгі халықаралық, ресми кездесулерде Мемлекет басшысы бірнеше рет БҰҰ әлемдегі баламасы жоқ, маңызды ұйым деп атап көрсеткен болатын. Сәйкесінше, БҰҰ-ның халықаралық саясаттағы ең маңызды институт ретінде ықпалы мен маңызын арттыру бүгінгі таңда өзекті болып отыр. БРИКС құрамындағы мемлекеттердің ұстанымы, көзқарасы да сәйкесінше аталмыш ұйымға мүше елдер аясында қалыптасды. Сондықтан Қазақстанның өзінің ежелден қалыптасып келе жатқан бейтарап сыртқы саяси бағытын сақтап қалуы бағдарына Президенттің ұстанымы толықтай сәйкес келеді деп айта аламыз.

Екіншіден, БРИКС ұйымы бейресми орталар мен ақпарат алаңдарында БҰҰ құрылымына көңілі толмайтын мемлекеттердің баламалы жобасы деген пікір жиі айтылуда. Дәл қазір БРИКС ұйымының болашағы туралы нақты болжам айту ерте. Қазақстанның аталмыш ұйым бойынша ұстанымы – мемлекет мүддесін қорғау мақсатынан келіп шыққан уақыт талабы деп түсінеміз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.
«Тұран»
университеті.



ҚОР НАРЫҒЫ

Дүниежүзілік банк есебі:

«ОРТАША ТАБЫС ТҰЗАҒЫ»

тұжырымдамасы

Осы аптада Бүкіләлемдік банк пен қор нарығы дәстүрлі жиынын өткізбек. Вашингтонда әлемдік қаржы ведомстволарының басшылары кездеспек. Биылғы жиын басқа жылдарға қарағанда өзге жағдайларда өтеді. Еуразия құрлығында геосаяси жағдай күн өткен сайын күрделенуде. АҚШ-тағы сайлау қорытындысы әлемдік қаржы нарығына тікелей әсер ететін саяси үрдіс. Бұдан бөлек, Дүниежүзілік банктің қыркүйектегі есебінде «орташа табыс тұзағына» түсіп қалған мемлекеттер жайлы сөз қозғалған. Бұл мәселе де жиында қозғалуы мүмкін. Қазақстан да «орташа табыс тұзағына» түсіп қалған. Ендеше, осы мәселені жан-жақты тарқатайық.

Барлық салада бәсеке қажет

2007 жылы Дүниежүзілік банктің баяндамасында «орташа табыс тұзағы» тұжырымдамасы енгізілді. Ол кезде бұл термин негізінен Латын Америкасы мен Таяу Шығыста орналасқан, экономикасы өсіп кедейлік деңгейі төмендегеніне қарамастан, дамыған елге айнала алмағандарды сипаттау үшін пайдаланылған.

Дүниежүзілік банктің 2024 жылғы «Әлемнің дамуы туралы» баяндамасында әлемнің 108 мемлекеті осы «орташа табыс тұзағына» түсіп қалған. Олардың ішінде Қытай, Бразилия, Түркия және Үндістан сияқты экономикасы ірі елдер де бар. Осы арада кімнің орта, төмен екенін кім және қалай шешеді деген сұрақ туындайды. Дүниежүзілік банк жан басына шаққандағы бір жылдық табысы 1136-дан 13 845 АҚШ долларына дейінгі аралықтағы елдерді табыс деңгейі орташа деп есептейді. Мұны сарапшылар табыс деңгейі орташадан төмен (1136–4465 АҚШ доллары) және одан жоғары (4466–13 845 АҚШ доллары)



(Дереккөз: reuter).

елдер деп тағы да жіктеген. Орташадан жоғары елдер «орташа табыс тұзағына» түскендер деп қорытындылаған.

Бұл мемлекеттер орташа табыс деңгейі жақсы болғанымен қалайша мұндай тұзаққа түсіп қалды? Басты себеп – экономикалық тиімділікке жету үшін үстіртін шараларға негізделген саясат ұстануында дейді халықаралық сарапшылар. Ал Дүниежүзілік банктің бас экономисі Индермит Гил: «*Кірісі орташа елдердің көпшілігі бұрынғысынан өткен ғасырдың тәсілін ұстанады*», – деген пікірде.

Экономикалық тұзақтан құтылу жолы бар ма?

Дүниежүзілік банктің талдауы бойынша тұзақтан тек инновация мен инвестиция арқылы өндірісті ұлғайту жолымен шығуға болады. Бірақ оны жүзеге асыру үшін бірнеше ұрпақ еңбек етуі тиіс дейді сарапшылар. Ондай мысалдар аз емес. Соңғы онжылдықтарда Сауд Арабия, Латвия, Болгария және Оңтүстік Корея елдері экономикалық тұзақтан шыға білген. Мысалы, Оңтүстік Корея 1970–1980 жылдары инвестициялар тарту мен өнеркәсіпті дамыту мақсатында азаматтар мен кәсіпкерлерді ынталандырды.

Ал И.Гилдің пікірінше, дамыған елдердің қатарына кіру үшін табыс деңгейі орташа елдердің үкіметтері «ірі корпорация-

лардан бастап стартаптарға дейін компаниялар арасында са-лауатты теңгерім қалыптастыратын бәсеке орнатуды көздейтін саясатын жүргізуі тиіс».

Сыртқы фактор әсері

Экономистер мен қаржы саласы мамандарының пікірімен шектеле алмаймыз. Себебі, мемлекеттің экономикасына сыртқы факторлар да әсер етеді. Әсіресе, қазіргідей жаһанданған заманда халықаралық қауымдастық пен көрші елдердің ықпалы айқын көрінуде. Мысалы, батыстық сарапшылардың пікірінше, әлемдік қаржы ведомстволарының кездесуі өтетін шара мынандай үш күрделі уақытқа тура келген: Таяу Шығыс пен Еуропадағы әскери қақтығыстардың шиеленісуі; Қытай экономикасының әлсіреуі; АҚШ-тағы президенттік сайлау.

Дүниежүзілік банк пен қаржы нарығының биылғы жиынындағы басты талқылайтын тақырып – АҚШ-тағы президент сайлауы болмақ. Себебі, оның қорытындысы әлемдік саясат пен экономикаға әсер етеді. Егер Трамп қайтадан билікке келсе Қытаймен қарым-қатынас нашарлап, жаңа сауда соғысы басталуы мүмкін. Батыстық экономистер қазір Қытай экономикасы әлсіреген деген пікірде. Егер сауда соғысы қайтадан басталатын болса, бір жағынан геосаяси жағдайға кері әсер етсе, екінші жағынан экономикалық бәсекелестік екі елдің де дамуына оң әсер етуі мүмкін.

Табысы жоғары елдер қатарына қосылуға мүмкіндік бар

Былтырғы кездесу Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыстың басталуымен тұспа-тұс келді. Ал биыл Таяу Шығыстағы жағдай одан да ушығып барады. Әскери қақтығыс Газа секторы, Ливан, Мысыр, Иордания экономикаларына кері әсер етті. Гуманитарлық дағдарыс та өршіп тұр. Әскери, саяси қақтығыс қатысушылары көбейіп келеді. Иран мен Израиль арасы суыды. Мұның бәрі көпжақты ынтымақтастыққа, әлем экономикасына нұқсан келтіруі мүмкін. Әсіресе, мұнай бағасы құбылмалы бола түспек. Оның жоғары-төмен түсуі әр мемлекетке әртүрлі әсер етеді.

Сонымен қатар, Украина мен Ресей арасындағы қарым-қатынас геосаяси текетіресті күшейтіп, әлем түрлі блогтарға бөлінуі үдерісін күшейте түсуде. Бұл сыртқы үдерістердің бәрі Қазақстанға да әсер етуде. Еліміздің «орташа табыс тұзағынан» шығу жолында кедергі болуы мүмкін. Бірақ соған қарамастан ішкі ресурстарды қолданып, табысы жоғары елдер қатарына қосылуға мүмкіндік бар. Стратегия да айқын. 2029 жылға қарай ЖІӨ-і екі есе арттыру керек.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





● ДИАЛОГ АЛАҢЫ

ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ

жаңа белестер, жаңа мүмкіндіктер

BE WOMAN

CENTRAL ASIA

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕВ.

Көшбасшылық, инновация, әлеуметтік прогресс және теңдік сияқты негізгі мәселелерді талқылайтын маңызды алаңға айналып үлгерген Орталық-Азиялық BeWoman форумы Алматыда жоғары деңгейде өтті. 12 елдің әйел-көшбасшылары бас қосқан форум шымылдығын ашқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков шаһар басшысы Ерболат ДОСАЕВТЫҢ құттықтау-лебізін жеткізді.

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

«Мен Орталық Азия әйелдерін қолдау мен оларды жан-жақты дамытуға арналған алаң болып табылатын BeWoman форумында сіздерге алғыс айтып тұрғанымна қуаныштымын. Форумның қонақтары – қоғамның дамуы мен ілгерілеуіне бағытталған білімі мен тәжірибесімен бөлісуге дайын белгілі сарапшылар. Осындай маңызы зор іс-шараның әйелдер ерекше орын алатын, мемлекеттік қызметте, ғылым, білім, бизнес, өнеркәсіп және басқа да салаларда лайықты еңбек етіп жатқан Алматыда өткеніне қуаныштымын. Бұл табыстар олардың кәсіпқойлығымен бірге біздің еліміздегі гендерлік саясаттың жарқын көрінісі. Халықаралық деңгейдегі форум тек білім мен тәжірибе алаңы болып қоймай, әріптестік үшін жаңа белестердің алтын көпірі болғай», – деді Азамат Қалдыбеков.

Ал форумға онлайн байланыс арқылы қосылған ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева елдің тұрақты дамуындағы мемлекет пен әйелдер ұйымдары арасындағы өзара әрекеттестіктің маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстан тұрғындарының 51 пайызын әйелдер құрайды. Бұл өте зор күш. Осы орайда Мемлекет басшысының саясаты маңызды рөл атқаратынын атап өткім келеді. Қазақстан Президенті бастамасымен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін жетілдіру саласында заңнамалық реформалар да жүргізілді. Партия сайлауы тізіміне мұайында шектеулі әйелдер мен жастардың 30 пайыздық квотасы енгізілді. Шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдердің үлесін 30 пайызға жеткізу туралы міндет қойылды. Бүгінде Парламентте жалпы депутаттар санының 20 пайызын құрайтын 29 әйел бар. Еліміздегі әрекет етуші шағын және орта бизнес субъектілерінің 43 пайызын әйелдер басқарады. Мен сіздердің күштеріңіз бен даналықтарыңыздың қоғамды жақсы жағына қарай өзгертетініне сенемін», – деді Аида Балаева.

BeWoman форумының титулды сессияларының бірі – Қырғызстан Республикасының омбудсмені Жамила Жаманбаева, Өзбекстанның іскер әйелдер халықаралық қауымдастығының төрайымы Гульнора Махмудова, «Тәжікстанның әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және гендерлік озбырлықты азайту жөніндегі мекемелер желісі» хатшылығының мүшесі Лола Салимова, Орталық Азия және Моңғолиядағы ЕҚҚДБ аймақтық менеджері Симоне Зе Атасовски, Қазақстандағы БҰҰ-әйелдері құрылымы Бас офисінің м.а. Дина Амришева қатысқан «Әйелдер және мемлекет: өзара қатынас стратегиясы» аймақтық сессиясы болды.

Форум қатысушыларына тележүргізуші және журналист Ксения Собчак «Диалог өнері: сені тыңдау үшін қалай сөйлеу керек?» деген тақырып төңірегінде қызықты лекция оқыды. Ал өзіміздің отандық көшбасшы әйел-аналар – «Аналар үйі» қоғамдық қорының атқарушы комитетінің төрағасы, IQanat High School of Burabay меценаты Анар Рахимбаева, кәсіпкер, dos Community зияткерлік волонтерлік платформасының білім беру жобаларының директоры Жәния Құрманова қоғамға елеулі пайдасы тиіп жатқан әлеуметтік жобаларының артықшылықтарын, жетістіктерін айтып берді.

«Феникс әйел: сынақ арқылы – табыс шыңына қарай» сессиясы форумның анағұрлым сезімге толы тақырыбы болды. Онда танымал спикерлер өздерінің қиындықтарды қалай жеңгендерін әңгімелеп, жетістікке жету жолындағы оқиғаларымен бөлісті. Олардың арасында кәсіпкер және инфлюенсер Дана Есеева, Өзбекстанның еңбек сіңірген артисі, соқыр-саңырау-мылқау балалар мен жастар орталығының негізін қалаған Рано Шодиева, стилист және «Томирис Байсафа» қайырымдылық қорының негізін қалаушы Жанна Ахметова, ресейлік әнші, кәсіпкер, «Анита» қайырымдылық қорының негізін қалаған Анита Цой, модель, Vogue журналының мұқабасына шыққан тұңғыш қазақ қызы Зарина Ева бар.

Анита Цой атап өткендей: «Адам өмірінің үлесіне тиетін ең қиын сынақ – бұл денсаулыққа төнген қауіп. Кейде сен өзінді жаман сезінгенде, басыңды көтере алатын күш табу да қиынға тиеді. Менің екі рет омыртқа жотам сынды. Содан жүре алмай қалдым. Мені бұл сынақтан алып шыққан – ерік-жігерім, күш-қайратым, өмірге деген құштарлығым. Ең бастысы, өзіңіздің дұрыс жасап жатқаныңызға ешқашан күдік келтірмеңіз».

Сонымен бірге, форумның ең жарқын эпизодтарының бірі – қазақстандық журналист, деректі фильмдердің авторы Әлия Әшімнің таныстырылымы болды. Ол «Қазақ әйелдерінің мәдени коды: тарихқа 100 жыл» зерттеуін әсерлі баяндап берді.

Interius театрының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі, продюсер және режиссер Разия Хасанова, өнертанушы, Lumiere Hall KZ мультимедиялық мұражайының серіктесі, IDA – Institute of Digital Art негізін қалаушы Полина Егармин, «Целинный» заманауи мәдени орталығының директоры Жәмиля Нұрқалиева, «Қазпошта» АҚ басқарма директоры, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің кеңесшісі, Woman in tech Kazakhstan CEO Әсем Болатжан да ой-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен бірге, бастапқыда әйелдер жобасы ретінде ойластырылған BeWoman форумы ер-азаматтар тарапынан да кең қолдауға ие болды. Осылайша ұйымдастырушылардың шақыруымен форум төрінен сөз алған Bilim Media Group бас директоры және негізін қалаушы, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, Италияның Қазақстан Республикасындағы елшісі Марко Альберти, телеарна, кино және музыкалық жобалардың продюсері Жан Мұқанов, «ChocoFamily» холдингінің негізін қалаушы, УРО Kazakhstan мүшесі Рамиль Мухоряпов, «HR CAPITAL» негізін қалаушы, бизнес-тренер, «Dream Team: бизнес – бұл адамдар» бағдарламасының авторы Рифат Абдураманов өздерінің табысқа жету жолында аналарының рөлі, қолдауы қандай болғанын әңгімелеп берді.

BeWoman форумының тағы бір форматы сұхбат болды. «Сұрақ-жауап» сессиясында көпбалалы ана, «РВБ» ЖШС басшысы, Wildberries интернет-дүкенінің негізін қалаушы Татьяна Ким ана болу мен өзінің кәсібін дамытудың арасындағы оңтайландыру тәсілдерін айтып берді. Сондай-ақ, кәсібіне қатысты жоспарымен де бөлісті. Айтуынша, Қазақстанда Wildberries интернет-дүкенінің екі хабы ашылады.

Халықаралық форумды әйгілі америкалық кәсіпкер және Tesla компаниясының құрылтайшысы Илон Масктың анасы, танымал модель, диетолог, бестселлерлер авторы Мэй Маскпен болған сұхбат түйіндеді. Ол картаюдан қорықпау, өзіне қамқорлық жасауды ешқашан тоқтатпау, дұрыс тамақтану, қиындықтарды жеңу төңірегінде өмірден алған тәжірибесімен бөлісті.

BeWoman негізін қалаушы отандасымыз Жанна Кан форум барысында экономикалық дамуға қосқан үлесі, сондай-ақ ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саясатын жүзеге асыруға атсалысқаны үшін «Адал еңбегі мен жеке үлесі үшін» марапатына ие болды.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанна КАН,
қазақстандық кәсіпкер, меценат және BeWoman негізін қалаушы:

Қазақ еліне алғыс айтамын

Менің анам отбасы сонау Қиыр Шығыстан Орталық Азияға күштеп аударылғанда үш жаста ғана болған екен. Арып-ашып жеткен мыңдаған адамды жергілікті қазақ жұрты жатсынбай қарсы алып, өзі жеп отырған нанының жартысын бөліп берген. Сол үшін қазақ еліне алғыс айтамын.

Орталық Азия әйелдері қандаймыз дейтін болсақ, біз шығыс әйелдеріміз және біздің күшіміз орасан қуатты. Біз ешкіммен жарыспаймыз, біз демеп, толықтырып отырамыз. Біз ұрпаққа өмір сыйлап, оларды сабақтастырамыз. Орталық Азияның әйелі білімді, жаңашыл, эмпатикалық, дәстүрді сыйлайтын, сондай-ақ, ана, жар, қыз, келін және т.б. Сонымен қатар, ол табысты бизнес-вумен, ол қоғам қайраткері бола алады. Осындай аналардан жаратылған балалар да өмірде табысты болмақ. Ал табысты ұрпақ отбасын да, Отанын да сүйеді, барын еліне беруге ұмтылады. Әйел-ана болу – сондай бақыт!

Мэй МАСК,
Илон Масктың анасы, 76 жаста, модель, тағамтану ғылымының докторы:

Бүлдіршіннің тұсауын кестім

Мен шытырман оқиғаларды жақсы көремін, саяхаттағанды ұнатамын. Әлемнің бірталай елінде болдым. Бірақ Қазақстанға алғаш рет келіп отырмын. Осында келгеніме өте қуаныштымын. Мен Қазақстан және Алматы туралы көбірек білгім келді, кеше әсем қалада шағын экскурсия жасадық. Бәрі тамаша! Мен өзі сүйкімді, адам жатырмайтын кішкентай бір қыздың тұсауын кестім. Керемет дәстүр екен. Маған мынандай ұлттық нақыштағы сақина сыйлады. Кешелі бері тастамай тағып жүрмін.

Бала – өмірдің жалғасы. Мен балаларымның тандауына араласпауға тырысамын. Біз Илонды мақтан тұтамыз. Ол әлемге көп жақсылық жасайтын тұлға. Оны әрдайым қолдаймыз, бірақ оның орнында болғымыз келмейді. Өйткені, қауіп көп. Түнгі сағат 12-де барлық әріптесін жинап алып, жиналыс өткізеді. 24 сағат жұмыс істейді. Еңбегінің нәтижесін көріп жүрсіздер.

Светлана АЙТБАЕВА,
Димаш Құдайбергеннің анасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Ата-әжеден қол үзбеңіздер

Өнерлі де дарынды баланы тәрбиелеу қиын әрі оңай. Өнер адамының арманы, мақсаты басқа болады. Ең алдымен, баланы түсіне білу керек. Бойындағы талантты көре білу керек. Ата-аналарға айтарым, баланың здың өнерге деген құлшынысы болса, әнді сүйсе, күйді тыңдай білсе, музыканы жақсы көрсе, онда баланың жағдайын жасаңыз. Барынша түрлі үйірмелерге қатыстыру керек.

Сондай-ақ, оған бала деп қарамай, арманына сенген дұрыс. Димаш кішкентай кезінде теледидардың алдында тұрып алып, «Джеки Чанмен кездескім келеді, оны өмірде көргім келеді» деп армандайтын. Актердің қимыл-қозғалыстарын қайталайтын. Димаш өз арманына сенді, біз де сендік. Бірнеше жылдан кейін Димаш аңыз адаммен кездесті. Бала тәрбиесінде ата мен әженің рөлі өте зор. Үлкен кісілердің тәрбиесінен қол үзбеу керек. Міне, сол кезде ғана елжанды, ұлтжанды, ел үшін, мемлекет үшін қызмет ететін, жаны да, рухы да қазақылыққа толы, сондай бір жақсы азамат шығады.

Әсел ТАСМАҒАМБЕТОВА,
қазақстандық филантроп, эколог, қоғам қайраткері, «Сәби» қайырымдылық қорының президенті:

Жақсылық жасау – жүректің қалауы

Мен қайырымдылықты сакрализациялауға қарсымын. Адами тұрғыдағы үш қасиет – рақымдылық, мейірімділік және адамсүйгіштік біздің әрқайсымыздың жүрегімізде бар. Жақсылық жасау – бұл әр адамның ішкі қалауы. Қайырымдылықтың көлемі маңызды емес, ол үлкен немесе кішкентай болмайды. Яғни баспалдақтан өздігінен түсе алмай тұрған зейнеткерге көмектесесіз бе, әлде тұтастай зейнеткерлер қорына көмектесесіз бе, бұл маңызды емес. Қайырымдылықпен айналысу – қалыпты жағдай.

Татьяна КИМ,
Wildberries интернет-дүкенінің негізін қалаушы, танымал ресейлік кәсіпкер, жеті баланың анасы:

Беске оқу міндетті емес

Балаларымның алдына мақсат қоямын, бірақ еркіндік те беремін. Мысалы, оларға ешқашан тек беске оқындар деген талап қойған емеспін. Балалардың болашағына қатысты ұстанымым өте қарапайым. Әр нәрсеге жауапкершілікпен қараса, өз бетінше шешім қабылдай білсе деймін. Мен тек кеңес бере аламын, қалғанының бәрі олардың шешімі мен еркінде. Мен де өзге ата-ана сияқты балалардың гаджетті жиі қолдануына қарсымын. Гаджет баланың ойлау қабілетін тежейді. Өйткені, интернет арқылы қажетті ақпаратты ізден-бей-ақ тез табады. Мысалы, сегіз жасар ұлыма планшетті аптасына екі рет, жарты сағат ұстауына рұқсат беремін.

Жан МҰҚАНОВ,
телеарна, кино және музыкалық жобалардың продюсері:

Ананың ұлға берері көп

Бұл әлемдегі барлық ұлылық: мейлі жеңіс немесе жеңіліс, қуаныш немесе қайғы болсын, әйелдердің жүрегінен басталады. Әрбір еркек, ол өмірде батыр немесе қорқақ болсын, күшті не әлсіз болсын, оның бойында анасының ізі қалады. Яғни анасы қандай болса, ұлы да сондай болады дер едім. Еркек – бұл әрқашан өз анасының бейнесі. Ол өз бойына анасы берген сабақтарды сіңіріп, сол арқылы қалыптасып шығады. Егер ол мықты да адал, мейібан болып өссе, онда осынау биік қасиеттер анасынан дарыды деген сөз.

ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БАР

Шаһар басшысы Ерболат Досаев
Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесті



Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Түрксіб ауданында өтті. Қала әкімі ауданның экономикалық-әлеуметтік әлеуетін саралап, алматылықтардың ұсыныстары мен толғандырған сұрақтарына жауап берді. Түрксіб ауданының тұрғындары қала әкімінің алдында денсаулық, тұрғын үй құрылысы, қоғамдық көлік, т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Кездесуде қала әкімі Ерболат Досаев бұл аудан тұрақты экономикалық өсімімен ерекшеленетінін атап өтті. Алматының Түрксіб ауданы – тарихи аудан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларымен қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіп орталығы. 9 айда аудан негізгі бағыттар бойынша өсу қарқынын көрсетті. Инвестиция өсті, сумен жабдықтау мен кәріздің жаңа желілері салынды, жолдар мен электр желілері жаңғыртылды.

Аудан бюджеті бір жылда
4 есеге өсті

• 9 айдың ішінде негізгі капиталға салынған инвестиция 21%-ға, оның ішінде жеке инвестиция 27%-ға өсті. Ауданға 150 млрд теңге инвестиция тартылды.

• Ауданда кәсіпкерлер саны 7,8%-ға артып, бүгінгі күні 29 мыңнан асты. Бұл 3,5 мың жаңа жұмыс орнын құруға және салық түсімінің 164 млрд теңгеге дейін ұлғаюына мүмкіндік берді.

• Ауданның бюджеті бір жылда 4 есе өсті: 2023 жылдың басындағы 5,4 млрд теңгеден 2024 жылы 23,5 млрд теңгеге дейін жетті. Бұл қаражат инженерлік және жол инфрақұрылымын жаңартуға, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді көріктендіруге бағытталды.

Алматы қаласы бойынша да жоғары инвестициялық белсенділік байқалып отыр. 9 айдың қорытындысы бойынша 1133 млрд теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 8,1%-ға көп.

Сондай-ақ, ескі тұрғын үй қоры жаңартылып жатыр. Қала әкімі кездесу барысында 1960 жылға дейін салынған 586 үй жаңартылатынын хабарлады.

«2030 жылға дейінгі Тұрғын үй қорын жаңартудың жаңа бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламада кешенді және орамдық құрылыс, ескі үйлердің меншік иелерінің құқығын қорғау және тұрғын үй қорын әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту арқылы жаңарту қарастырылған», – деді Ерболат Досаев.

Шілде айында Кассин көшесінде 6 жаңа үйдің құрылысы аяқталды, ал жыл соңына дейін Сауранбаев көшесінде тағы 7 үйдің тұрғындары қоныстана бастайды. Сонымен қатар, «Алтай-2» ышамауданында 6 үй сатып алынып, екі тоғыз қабатты үйдің құрылысы жүргізілуде.

Алматыны дамыту және тиімді бақылауды қамтамасыз ету үшін жаңа Қала құрылысы регламенті, Құрылыс ережелері және Тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасы әзірленді. Бұл құжаттар жыл соңына дейін мәслихат сессиясында бекітіледі.

20 км жылу желілерін жаңарту жұмыстары аяқталып келеді. Қыркүйек айында ауданда Спасск пен Бекмаханов, Бекмаханов пен Сүйінбай көшелеріндегі учаскелерде жалпы ұзындығы 2,1 км жылу желілері салынды. 30 жылдан астам уақыт бұрын салынған құбырлар ауыстырылды. Биыл қала әкімі тапсырмасымен Алматыда 20 км жылу желілері жаңартылып жатыр, бұл олардың тозуын 1,8%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Жұмыстар жылыту маусымы аралығында қаланың алты ауданында қолға алынған, ол 25 қазанға дейін аяқталуға тиіс.

Келесі жылы
Баум тоғайы
абаттандырылады

Қала әкімі кездесу барысында Баум тоғайын абаттандыру жұмыстарының қашан басталатынын айтты. Оның айтуынша, жаңарту жобасы әзірленген, желтоқсанда сараптама қорытындысы шығады.

«Келесі жылы тоғайды ретке келтіре бастаймыз. Онда жарықтандыру, бейне-камералар және ыңғайлы жолдар пайда болады, яғни тоғайда жүру қауіпсіз әрі

жайлы болады. Жұмысты келесі жылдың күзінде аяқтауға тырысамыз», – деді қала басшысы.

Айта кететін жәйт, жоба аясында тоғайдың жасыл қорын қалпына келтіру және оның өсімдік түрлерінің санын көбейту де көзделген. Кәсіпкерлер нысанының айналасын қоқыстан тазартуға міндеттеледі.

Кездесу кезінде тұрғындардың бірі кәсіпкерлердің нысандарының айналасында ірі көлемдегі қоқыстарды қалдыратынына шағымданды. Аудан әкімі Бақытжан Ақжаров бұл мәселені шешу мақсатында кәсіпкерлік нысандарын төлқұжаттау жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлады. Бұл кәсіпкерлердің өзінің нысанына тиесілі аумақ үшін жауапты болатынын білдіреді.

Қала басшысы «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында қала тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған «Жарқын күз» науқанының басталғанын еске салды.

Ерболат Досаев аудан әкіміне осы науқан аясында аумақта жиналып қалған қоқысты тазалау жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Алдағы күндері қалада күзгі-қысқы кезеңге дайындық жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Жылдам жүретін
қоғамдық көлікке
басымдық беріледі

Алматы әкімі Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесу барысында метро құрылысы туралы қойылған сұраққа жауап беріп, жалпы қоғамдық көлікті дамыту туралы айтты.

Ол батыс бағытта «Қалқаман» станциясынан кейін метро «Барлық» базарына дейін жалғасатынын, онда ірі көлік – ауысып отыру торабы құрылатынын атап өтті.

«Сондай-ақ, әуежайға қарай тарту жобасы дайындалуда. Келесі жылы біз жұмыс қарқынын жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Жалпы, қаланың көлік қаңқасының Мастер жоспарына сәйкес метро, ЛРТ және БРТ сияқты жылдам қоғамдық көлік біздің басымдығымыз болып табылады. Келесі жылы ірі жобаларды іске асыру басталады», – деді мегаполис әкімі.

Ерболат Досаев қалада 700 мыңнан астам машина тіркелгенін және күн сайын облыстан 450 мыңға жуық машина қалаға кіретінін атап өтті.

«Яғни, жолдарда миллионнан астам көлік жүреді. Біздің міндетіміз – дамыған қоғамдық көлікті жасау. Адамдар жеке көлікке емес, автобуска немесе метроға таңдау жасауы тиіс. Сондықтан, шын мәнінде дамыған қоғамдық көлік мобильділікті, қауіпсіздікті, жайлылықты арттырып, экологияны жақсартатынын көргенде алдағы екі жыл шешуші мәнге ие болады», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

ТҮЙІН:
Кездесу екі сағатқа жуық уақытқа созылды. Қала әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарды жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарын мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



1960 жылға
дейін салынған
586 үй
жаңартылады



20 км
жылу желілерін жаңарту
жұмыстары
аяқталып келеді



Ауданда кәсіпкерлер саны
7,8%-ға
артып, бүгінгі күні
29 мыңнан асты



Ауданға
150 млрд теңге
инвестиция тартылды.



Жолдар мен
электр желілері
жаңғыртылды.



МЕГАЖОБА

Бұқтырма су қоймасы:

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ҰЗЫН КӨПІР

шекаралас елдермен үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-Министр Олжас Бектенов Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін еліміздегі ең ұзын көпірдің ашылуына қатысты.

Шығыс Қазақстан – маңызды көлік дәліздері өтетін стратегиялық аймақ. Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір логистикалық бағыттарды жақсартып, шекаралас елдермен үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді. Жоба көлік қатынасына қатысты көп жылғы мәселені шешуге бағытталған, көпір алты ауданды – Күршім, Үлкен Нарын, Марқакөл, Катонқарағай, Тарбағатай және Зайсан аудандарын байланыстырады. Жоба озық инженерлік технологияларды қолдана отырып және барлық сапа стандарттарына сәйкес жүзеге асырылды.

- Ұзындығы 1316 метр екі жолақты автомобиль көпірінің құрылысы аяқталғаны туралы баяндады.
- Көпір тәулігіне 80 мыңға дейін көлік өткізе алады, өткелге 18 шақырым жаңа жол тартылды.



Облыс тұрғындарымен кездесуде Премьер-Министр жобаны іске асыру көлік құралдарының жыл бойы қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететінін, Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретінін және еліміздің көлік-логистика саласының дамуына оң әсер ететінін атап көрсетті.

«Жаңа көпір Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында салынды. Аймақта тұрғындар 50 жыл бойы жазда не пароммен, қыста тікелей не мұз үстімен жүргенін білесіздер. Құрылыстың салынуын жергілікті тұрғындар ұзақ күтті», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өз кезегінде, көпірдің ашылуына келген аймақ тұрғындары көпір су қоймасының екі жағындағы елді мекендер арасындағы көлік қатынасын едәуір жақсартатынын, бұл тұрғындардың жеңіл қатынауын қамтамасыз ететінін, тауарлар қозғалысын жеделдететінін, қызметтерге қолжетімділікті арттырып, сондай-ақ облыстың туристік әлеуетін ашуға мүмкіндік беретіні туралы пікір білдірді. Тұрғындар айтқандай, қысқы мезгілде бұл жерден өту өте қиын болған, өңір халқы 60 жыл армандаған көпірді салу

бойынша тек еліміздің азаматтары еңбек еткен екен, шет елден бірде-бір маман тартылмаған, есесіне жергілікті қаншама азаматтарға жұмыс табылған.

Көпірдің ашылуы ерекше оқиға болды. Бұл – маңызды инфрақұрылымдық жоба, әрине, бүкіл еліміздің тұрғындары үшін тарихи нысан. Ол Президенттің бастамасының арқасында жүзеге асты. Бірнеше сағат бойы жүріп өтетін қашықтықты енді бірнеше минутта-ақ өтсеруге болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).

АТР 250 ALMATY OPEN



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда АТР 250 Almaty Open сериясындағы теннис турнирінің ерлер арасындағы жұптық және жеке сын жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтіп, оған мегаполис басшысы Ерболат Досаев қатысты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Турнир Қазақстан теннис федерациясының ұйымдастыруымен және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті. Онда әлемдік рейтингтің үздік отыздығына кіретін теннисшілер бақ сынасты.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Үндістаннан келген Арджуна Кадхе мен Ритвика Боллипаллидің ерлер арасындағы жұптық және жеке санаттағы ресейлік Карен Хачановты марапаттау рәсіміне қатысты.

Алғашқы ақтық сайыста үндістандықтар колумбиялық Николас Баррьентос пен тунистік Скандер Мансуриден басым түсті. Ал екінші финалдық белдесуде канадалық Габриел Диалло мен ресейлік Карен Хачанов кездесті. Тартысты белдесу ресейлік теннисшінің еншісіне шешілді.

Айта кетейік, қала әкімдігі турнир кезінде жанкүйерлердің ыңғайлылығы үшін Almaty Arena спорт кешеніне дейін және кері бағытта тегін автобустар ұйымдастырды.

АТР 250 Almaty Open турнирінің жүлде қоры 1 миллион доллардан асады.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«ДӘСТҮР КЕРУЕНІ» дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптейді

Алматы ипподромында Республика күні қарсаңында Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен «Дәстүр керуені» шарасы өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақтың ұлттық ойындары сайысына Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам университетінің ректоры, профессор Ахмед Хусейн Мұхаммед Ибраһим, спортшылар, мешіт ақсақалдары мен жамағаттары, қала имамдары мен тұрғындары қатысты.

Бұл игі шараның мақсаты – халық арасында дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу, асыл дінімізді сақтап, дәстүрімізге берік болуға шақыру.

«Бас муфти бастамасымен Ұлттық мереке қарсаңында «Дәстүр керуені» шарасы өтуде. Қала жасарта ұлттық ойындардан өзара бақ сынады. Сондай-ақ, ұлттық бұйымдар мен халал өнімдер көрмесі көрермен назарына ұсынылды. «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы» деген қазақ. Демек, біз үшін баға жетпес құндылық, адам және оның қадір-қасиеті нәм ар-намысы. Жуырда ҚМДБ қоғамдағы қатыгездік жағдайларға байланысты ел мұсылмандарына үндеу жариялады. Үндеуде барша азаматты өзара бауырмал, кешірімді, мейірімді болуға үндеп, қатыгез істерге жол бермеуге шақырады. Сол се-



бепті, бір-бірімізді ренжітіп алудан, кісінің көңіліне қаяу түсіруден, адамның ақысына кіруден ұзақ болайық», – деді қаланың бас имамы Төлеби Оспан.

Алматы ипподромының атшабабында «Топжарған» этно-мәдени орталығының өнерпаз ұл-қыздары теңге ілу, аударыспақ, садақ ату, жамбы ату және ат үстіндегі жауынгерлік сынды ұлт өнерлерін паш етті. Сондай-ақ, қала тұрғындары мен қонақтары көкпар, казакша күрес, қол күрес, гир тасын көтеру, асық ату, арқан тарту және тоғызқұмалақ сынды спорттық ойындар сайысын тамашалады. Жалпы жүлде қоры – 2 500 000 теңгені құрайды.

Ипподром кіреберісінде халал өнімдер мен ұлттық бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде ағаштан ойып жасалған, нағыз шебердің қолынан шыққан түрлі домбыралар, темір

ұстасы жасаған бұйымдарды тамашалады. «MUFTYAT» баспасынан шыққан кітаптар да көрмеге көрік қосты.

Ал басты ерекшелік – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір жолымен VR технологиясы арқылы танысуы болды. Цифрлық даму бағытымен виртуалды көзілдірік арқылы адамзаттың ардақтысы Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туылған сәтінен бастап өмір тарихына қысқаша мазмұнда шолу жасалынған. Көрермен ерекше әсерлерімен бөлісіп, жаңа технологиялы жаңалыққа ризашылықтарын жеткізді.

Сонымен қатар, 300 адамға арнайы дастархан жайылып, келген қонақтарға қазақы дәстүр бойынша тегін дәм ұсынылды. Ұлттық құндылықтар насихатталған сайысты тамашалауға 2500-ден астам адам келген.

РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ – 100

ЖЕҢІС ТУЫН ТІККЕН ҚАЗАҚ

Рейхстагқа 8 сағат бойы жер бауырлап жеткен

Рақымжан Қошқарбаев – Берлиндегі Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен жалғыз қазақ. Тарихи ерлігін небәрі 21 жасында жасаған батырдың дүниеге келгеніне биыл 100 жыл толып отыр. ҚР Мемлекеттік орталық музейі қаһарман тұлғаның құрметіне көрме ұйымдастырды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Ерлігін ел ұмытпайды» деп айдар тағылған көрме Орталық музей қорында сақталған, Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлік жолын баяндайтын фотоматериалдар мен марапаттары, жеке заттары ұсынылды.



Олардың ішінде батырдың майдангер замандастары Сағадат Нұрмағамбетов, Қасым Қайсенов, Алексей Маресьевпен түскен суреттері, «Советский Казахстан» фильмінің режисері Р.Карманның Рақымжан Қошқарбаевқа жазған хаттары, батырға берілген II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін» медалі және бұрынғы Совет аудандық советінің депутаты болғандығын айғақтайтын куәлігі бар. Сонымен қатар, көрме экспозициясынан «Булатов, Қошқарбаев 674 СП» деген жазуы бар, Рейхстагқа тігілген тудың көшірмесін тамашалауға болады. Бұл туды музей қорына 1989 жылы Германиядағы «ДЕФА» киностудиясы табыстаған болатын.

Рақымжан Қошқарбаев Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1999 жылдың мамырында «Халық қаһарманы» атағын иеленді. Бұл жоғары мәртебеге әбден лайықты. Өйткені, ол – Рейхстагқа жан-жақтан қарша борап, секунд сайын құлақ шекеден суылдаған оқтан бас көтере алмай 8 сағат бойы жер бауырлап жеткен батыр. Сол бір Жеңіс туы желбіреген шешуші сәтте 400 метрге сонша уақыт бас көтерместен жорғалап жеткенде екі адам ғана тірі қалған. Біреуі – Рақымжан Қошқарбаев, екіншісі – Григорий Болатов.

Көрменің ашылу салтанатына батырдың қызы Әлия Рақымжанқызы, «Офицерлер одағы» қоғамдық бірлестігі төралқасының төрағасы генерал-майор Махмұд Өтегенұлы, әскери ғылымдар докторы, профессор Досай Қасымұлы, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, Алматы әскери-техникалық мектебі мен Алматы қаласындағы №140 гимназия, К.Байсейітова атындағы музыкалық мектеп оқушылары және студенттер қатысты.

Ұрпаққа ерлікті дәріптейтін іс-шарада «Офицерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған медалімен батырдың қызы Әлия Қошқарбаева және ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директоры Рашида Харипова марапатталды.

Қазақстан Ұлттық банкі Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай коллекциялық монета шығарған болатын. Осы іс-шара аясында аталмыш монета музей қорына табысталды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлия ҚОШҚАРБАЕВА, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың қызы:

ПАРЫЗ ДЕП САНАДЫ

Әкем бізге соғыс туралы көп айта бермейтін. Рейхстагқа ту тіккенін де ешқашан жарнамалап, баса айтпайтын. Себебі, ол әрекетін ерлік деп санаған жоқ. Меніңше, сол кездегі тәрбие, болмыс сондай болды. Әкемнің қарапайымдылығы, патриоттығы соншалық, басын бәйгеге тігіп, оқ пен оттың ортасымен аман жетіп, Жеңіс туын тігуді азаматтық парызы, Отан үшін жасаған жауынгерлік міндеті санаған. Мейлінше қарапайым болу – өмірлік ұстанымдарының бірі еді. Әрине, мен әкемнің ұлы ерлігін мақтан тұтамын. Бұл ерлік жас ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Жастар осынау бейбіт өмірдің қадірін де жете түсінсе деген тілегім бар.



ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН

Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың құрметіне «Алматы» қонақүйінің қарсы алдында орнатылған мемориалдық тақтаға гүл қою рәсімі өтті.



Айнабай
МӘДИ

Әскери-салтанатты іс-шараның басында ескерткіш-тақтаға Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры, еліміздің алып тұлғалы ардақты азаматы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай, тарихи тұлғаның ерлігіне тағзым ету орайында гүл шоқтары қойылды. Бұл салтанатты басқосу, сөз жоқ, батырдың тарихи ерлігін еске алып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге ұласады. Әскери институттың курсанттары, №102 мектептің патриоттық рухтағы жас ұландары салтанатпен сап түзеді.

«Рақымжан атамыздың батырлығы мен қайсарлығы – ел есінде мәңгілікке сақталып, жас ұрпаққа үлгі боларлықтай ересен ерлік. Батыр атамның айрықша қасиеті – қарапайымдылығы. Жадының мықтылығы сондай, осы қонақүйдің бүкіл қызметшісінің түгел аты-жөнін білген. Атамыздың қолтаңбасы қонақүйде жақсы сақталған. Қазақ туризмін дамытуға алғашқылардың бірі болып сүбелі үлес қосқан азаматқа басымызды иеміз. Ол кісі іргетасы қаланғаннан бастап осы қонақүйді қалтқысыз жиырма жылдан астам уақыт басқарса, мен де жиырма жылға жуық

ҚҰРМЕТ ПЕН ТАҒЗЫМ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

осы қонақүйде атамыздың сара жолымен қызмет етіп келе жатқанымды мақтан тұтамын», – деді «Алматы» қонақүйі директорының көмекшісі Динара Қапезова.

Жиылған қауымға Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагерлері, Алматы қаласының Генералдар кеңесінің мүшелері, аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшелері, Ауған соғысының, кеңес әскерінің Германиядағы шектеулі контингенті құрамында жауынгерлік қызмет атқарған ардагерлер Рақанның ерлігі, азаматтық келбеті жайлы айтып, батырдың

рухына тағзым етті. Білікті дәрігер Райхан Жапарханова көршісі Рақанның адалдығы, ақжарқындығы жайында естелік айтты. Батырдың немересі, аталған қонақүйдің қызметкері Дәурен Қошқарбаев атасы жайында анасынан естіген мейірімге толы қызықты әңгімелерімен бөлісті.

«Рақымжан Қошқарбаев ағамыз – Рейхстагқа алғашқы болып Жеңіс туын тіккен қаһарман. Кезінде бұл ерекше ерлік ескерілмегенімен, түбі ақиқаттың жеңері анық болатын. 2015 жылы генерал Рүстем

Хайдаровтың жетекшілігімен екеуміз Мәскеуге барып, Ресейдің Қорғаныс министрлігінің мұрағатынан шын мәніндегі Жеңістің тарихи сәтінің куәсі, Рейхстагке тұңғыш ту тіккен лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатовтың ерен ерлігіне қатысты құжатты алып қайтқанбыз. Фашизмге қарсы соғыстағы батырлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге», – дейді республикалық «Офицерлер одағы» ҚБ төрағасы, запастағы генерал-майор Махмұт Телеғұсов.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Алматыда көше жарығын қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар жүріп жатыр

Күн ұясына батып, қараңғы түсе бастағанда көше жарығының тигізер пайдасы көп. Өйткені, түнгі жарық жол қауіпсіздігін сақтауда бәрінен бұрын қылмысты болдырмауға септігін тигізеді.



Ағымдағы жылдың 9 айында «Алматы Қала Жарық» МКК (АҚЖ) бригадалары бұрын шам бағаналары болмаған аулаларға, көшелер мен тұйық көшелерге жарықтандыру желілерін жүргізді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасына орай қаланың барлық аудандары бойынша жұмыстар жасалды. Бұрын жарықтандырылмаған 82 учаске жойылды. Оларды абаттандыру үшін қосымша 400 шам және көптеген бағаналар мен кронштейндер орнатылып, 15 км кабель тартылды.

Мәселен, Бостандық ауданында 13 учаскеде, Алматы ауданында – 21, Жетісуда – 11 учаскеде жұмыстар жүргізілді. Мысалы, Брусиловский көшесінде Абай даңғылынан Қарасай батыр көшесіне дейін 32 жаңа шам бағанасы орнатылды. Клубная, Исиналиев көшелерінде және «Восточка» ТК-де 12 бағана орнатылды. Қазыбек би көшесінде Байтұрсынов көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін оңтүстік жағында жарық мүлдем болмаған. Қазір 21 бағана орнатылуда, оған екі шам қойылды, енді тротуар мен жолға жарық түсіп тұрады.

Кәсіпорын басшысы Игорь Мысик түсіндіргендей, «жарықсыз аймақтар»

деп аталатындарды инспекторлар көше мониторингі және аудан әкімдіктері мен «Алматы Қала Жарық» МКК-не түсетін азаматтардың өтініштерін зерделеу барысында анықтады.

«Қала тірі организм сияқты, өзгереді, өседі, үнемі дамып отырады, оған жаңа аумақтар қосылады, қала ішінде де құрылыс бар. Мысалы, бір кездері бос жер болған және оның орнына бизнес-орталық немесе тұрғын үй кешені салынған, ал егер біреу жобалау кезінде сыртқы жарықтандыру желілерін өткізуді ескермеген болса, онда біз бұл жердегі «жарықсыз аймақты», яғни жарықтандырылмаған аймақты аламыз. Егер біздің кәсіпорын құрылысты

жоспарлауға және бақылауға қатысуға тартылса, онда мұндай учаскелердің саны бірден азаяды. Әзірге біз тек қолданыстағы жарықтандыру желілеріне қызмет көрсетеміз», – дейді Игорь Мысик.

АҚЖ мәліметтері бойынша, бір кездері Алматы облысының аумағына жататын қалаға қосылған аудандар әлі де жарықпен толық қамтылмаған. Бұл бұрынғы ауылдар, саяжайлар, бау-бақша шаруашылықтары. Мысалы, Наурызбай ауданының тау бөктерінде, «Қарағайлы» шағынауданында тек бір көшеде 11 жаңа жарық нүктесі орнатылды. Аудан бойынша барлығы 16 учаске болды, оларды жарықтандыру үшін қосымша жүзге

жуық тірек орнатылды. Жарықсыз учаскелер 20 қалалық мектептің жанында да анықталды. Оларды жою үшін 300-ге жуық жаңа жарық нүктелері орнатылды. Осы бағыттағы жұмыстар 2025 жылы аудан әкімдіктерімен бірлесіп жалғастырылатын болады.

«Алматы Қала Жарық» КМК басшысы Игорь Мысиктің айтуынша, қалада ескі шамдарды жаңа жарықдиодты шамдарға (LED) жаппай ауыстыру жүріп жатыр. Бүгінгі таңда 5 мыңнан астам ескі шам LED-ге ауыстырылды және бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Игорь Мысик мұндай шамдар әлдеқайда жарқырап, ұзаққа созылатынын және электр қуатын аз тұтынатынын атап өтті.

Сонымен қатар, 2024 жылдың жазында «Алматы Қала Жарық» компаниясы республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерін түнгі жарықтандыруды өткізу жұмыстарын аяқтады. Олар қаланың барлық аудандарын қамтыды, 56 ескерткіш пен бюст қосылды, қосымша жарықтандыру үшін 128 прожектор орнатылды.

28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта да ауқымды жұмыстар жүргізілді. Аллеяларда, тротуарларда және алаңдарда жарықтандыру желілері толық ретке келтірілген. Алты шақырымнан астам жаңа желілер салынды, 470 шам ауыстырылды, 450 автоматты ажыратқыштар орнатылды.

Әр фонарь мен прожекторды қосудың егжей-тегжейлі схемалары бар саябақты жарықтандыру жүйесінің паспорты жасалды. Қазір Желтоқсан саябағында да осындай жұмыстар басталды.

Айта кетейік, 2024 жылдың қаңтар айынан бастап АҚЖ үш компаниядан тұратын консорциум мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша өз міндеттерін орындамағаннан кейін қаладағы жарықтың басым бөлігіне жауап береді. 2023 жылдың жазында қала әкімі Ерболат Досаев жеке серіктеспен шартты бұзып, барлық желілерді аудан әкімдіктерінің балансына беруді тапсырды.

Бүгін олардың барлығы кәсіпорынмен желілерге қызмет көрсету туралы келісім жасады. Осылайша АҚЖ 2025 жылға қарай көшені жарықтандыруды 100%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ

Тұрғын үй қорын жаңарту – халықтың өмір сүру деңгейін арттырудың маңызды міндеттерінің бірі. Осыған орай, Алматыда тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламалары жүзеге асырылуда.

ТҰРМЫС САПАСЫ АРТСА, ӘЛ-АУҚАТ ЖАҚСАРАДЫ

Қалада тұрғын үй қорын жаңғырту жұмыстары қарқын алды



2023–2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында Алматыда тұрғын үй қорын жаңғырту бойынша жұмыстар қарқынды жалғасып келеді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – азаматтар үшін қолайлы, қауіпсіз әрі энергия тиімді тұрғын үй ортасын құру. Аталмыш бағдарлама бірнеше маңызды бағыттан тұрады. Мәселен, көпқабатты үйлерді күрделі жөндеу, оның ішінде шатыр ауыстыру, жертелелерді жөндеу және инженерлік жүйелерді жаңарту бойынша тұрақты жұмыстар жүргізіледі. Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту: жылу, су және кәріз жүйелерін жаңарту үдерісін оңтайландырып, коммуналдық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының айтуынша, биыл қаладағы 100 көпқабатты тұрғын үйде күрделі жөндеу жүргізіліп, 100 жеделсаты жабдықтарын ауыстыру жұмыстары қолға алынған. Бүгінде бұл бағытта қол жеткізілген нәтижелер аз емес. 100 көпқабатты үйде жөндеу жұмыстарына келісім-шарттар жасалған, оның ішінде: 46 үйде жұмыс аяқталды, 54 үйде жөндеу жұмыстары жалғасуда. Ал жеделсаты жабдықтарын ауыстыру бойынша 45 үйде 87 жеделсаты ауыстыруға келісім-шарттар жасалды, қазіргі уақытта 3 үйде 4 жеделсаты ауыстырылды. Қазір 42 үйде 83 жеделсатыны ауыстыру жұмыстары жалғасуда.

Айта кеткен жөн, 2011 жылы тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы басталғаннан бері 1070 үй жөндеуден өтті, 1023 үйде 2155 жеделсаты ауыстырылды.

Күрделі жөндеуден өткен үйлердің тұрғындары өмір сүру сапасының айтарлықтай жақсарғанын айтады. Тұрғындар үйлерінің жайлылығы мен қауіпсіздігі артқанын, сондай-ақ заманауи технологиялардың енгізілуі-

не байланысты энергия шығындарының төмендегенін айтып отыр.

Бағдарлама ескірген тұрғын үйлердің пайдалану мерзімін ұзартуға ғана емес, сонымен қатар энергия тиімділігін арттыруға және коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған.

Мемлекеттік жаңғырту бағдарламасы аясында тұрғындар жөндеу жұмыстарын өткізу

үшін өтініш бере алады. Ол үшін меншік иелерінің 51% дауысын жинап, өтініш беру қажет. Жөндеу жұмыстарының құны коммуналдық төлемдерге қосылады және мемлекетке қайтарымды негізде өтеледі.

Жөндеу жұмыстарына дейінгі және кейінгі суреттер.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК



Суреттерді түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БАУМ ТОҒАЙЫ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТЫЛДЫ

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы Медеу саябағы МКК, Алматы қаласының «Жасыл ел» және «Жас Эко Патруль» жастар экологиялық жасақтарымен бірлесіп Баум тоғайында сенбілік өткізді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған науқанға экобелсенділер, еріктілер мен қала тұрғындарын қосқанда 300-ге жуық адам қатысты.

Тазалық жұмыстары барысында көпшілік Баум тоғайын қоқыстардан тазартып, жапырақтардан және сынған бұталардан арылтты, ағаш көшеттерін отырғызды. «Жасыл ел» және «Жас Эко Патруль» жастар экологиялық жасақтарының басшысы

Әділ Нұрпейісовтің айтуынша, жыл басынан бері жастардың қатысуымен 30-дан астам экологиялық акция ұйымдастырылған.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен еліміздің барлық өңірінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өтуде. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау — әрбір тұрғынның борышы. Бүгін акция аясында көпжылғы тарихы бар Баум тоғайына тазалық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жыл басынан бері қала әкімдігінің қолдауымен 30-ға жуық шара өткіздік. Экологиялық акциялар алдағы аптада да жалғасатын болады, — дейді экобелсенді.

Акция барысында айналаны таза ұстап, қоршаған ортаға құрметпен қарауға шақырған табиғат жанапшылары көп болды.

«Мұндай акциялар өте қажет, тазалау жұмыстарынан бөлек, біз көгалдандырамыз. Қаламыздың саябақтары мен скверлері — негізгі оттегі көздері, сондықтан

оларды қорғауымыз керек», — деді Бостандық ауданының қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы Арсен Айдынбеков.

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған акцияда қала тұрғындары да белсенділік танытты. Баум тоғайының жанында тұратын алматылық Ирина Павлова акция туралы «Медеу» саябағының қызметкерлерінен естіген.

— Бүгінгі тазалық акциясы туралы Медеу саябағының өкілдері арқылы білдім. Мен ондағы қызметкерлермен өте жақсы араласамын. Олармен мен саябақта серуендеп жүріп, кездейсоқ танысқан болатынмын. Саябақта 2000 жылдан бері серуендеймін. Бір кездері бұл аймақ қараусыз қалған, өте қорқынышты болатын. Соңғы бес жылда тоғай өзгеріп сала берді. Қоршаулары алынып, ағаштар отырғызылды. Тоғай ішіне жарықтар қосылды, арнайы жолдар салды. Бірақ әлі де жарықты қажет

ететін жерлер бар. Мұнда тазалық жұмыстары жиі жүргізіледі. Мен туған қаламыз Алматының аумағын тазалау акциясын қолдаймын, — дейді Түрксіб ауданының тұрғыны И.Павлова.

Акция Қазақстандағы Орман шаруашылығы қызметкерлері күнімен тұспа-тұс келді. Бұл мереке жыл сайын қазан айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Мадияр Қожекенов қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, бірқатар қызметкерлерге Алғыс хат табыстады.

Еске сала кетейік, Алматыда «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы мен «Алматы — біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында 18–24 қазан аралығында халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қаланы көріктендіру мен көгалдандыруға бағытталған «Жарқын күз» акциясы өтіп жатыр.

ЧЕЛЛЕНДЖ

«БӘРІ ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАЙДЫ»

Абаттандыру паспортын алған кәсіп иелерінің ізгі қадамы

Медеу ауданындағы Премьер-Алатау бизнес орталығының маңында сенбілік өтті. Естеріңізге болса, биыл жаздан бастап Алматыда абаттандыру паспорттары енгізілуде. Жалпы, қала бойынша 5 мыңнан астам кәсіпкер паспорттауға жатады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Таза Қазақстан» бағдарламасы және абаттандырудың жаңа ережелері аясында қаладағы нысандарды паспорттау басталды. Бұл шара — қала тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы, қауіпсіз және эко-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

логиялық таза орта құру стратегиясының бір бөлігі.

Қалада Алматының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының деректері бойынша барлығы 5590 кәсіпкерлік нысаны паспорттауға жатады. Қазіргі уақытта мыңдаған кәсіпкер паспорттарға қол қойды. Барлық паспорттау жұмыстары келесі жылдың сәуір айында аяқталады. Әрбір кәсіп иесі абаттандыру паспортын алуға және іргелес аумақты күтіп-ұстауға міндетті.

«Қазіргі таңда «Таза Қазақстан. Таза

қала. Таза ауыл» деген қағидамен біраз жұмыс атқарылып жатыр. Біз де сол үрдістен қалыс қалмай, міне, өзіміздің жұмыс істейтін жерімізді тазалауға ұжым болып шығып тұрмыз. Әр жұмыс кезең-кезең бойынша істеліп жатыр. Мысалы, асфальт төсеу басталды. Биыл ғана қолға алынды. Болашақта қонақүйіміздің сыртын әрлеу жоспарда бар. Бұл тазалық челленджін Алмалы ауданына жолдаймыз. Тазалық пен шаһарымыздың көркеюі бәріміз үшін маңызды», — дейді қонақүй қызметкері Темірхан Жаңбырбаев.



«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

Қала – жалғыз, ал біз – көппіз, оның тазалығына өзіміз жауаптымыз!



Алматыдағы жалпықалалық сенбілікте Жетісу ауданының тұрғындары да белсене қатысты. Аудан аумағына жас көшеттер отырғызылып, жалпы жұмыстарға 35 бірлік техника жұмылдырылды. Сенбіліктен соң 280 м³ текше метр қоқыс қала полигонына жөнелтілді.



Рая
ЕСКЕНДІР

«Желтоқсан» жайқалып келеді

Қаламыздағы «Желтоқсан» саябағы жыл санап көркейіп келеді. Осыдан біраз жыл бұрын отырғызған жас шыбықтар бүгінде жайқалған шынарға айнала бастады. Осылайша қаламыздың көркіне көрік қосқан саябақ қазір тұрғындардың демалыс орындарының біріне айналып отыр. Мұнда жылдың қай мезгілі болмасын сенбілік ұйымдастырылып, тазалық жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады. Кезекті тазалық шарасын «Тәуелсіздік – тұғырым» жобасы аясында қалалық Қоғамдық даму басқармасы мен «Патриоттық қозғалыс: «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Тазалық шарасын «Патриоттық қозғалыс» төрағасы Б.Құрымбаев пен «Қайсар жүрек» қоғамдық қорының директоры Ш.Ергебаева ашты.

– «Желтоқсан» саябағы – ел Тәуелсіздігінің тұмары іспетті. Бұл – біздің желтоқсандықтарға көрсетілген зор құрмет. Сондықтан оны көздің қарашығындай сақтап, жайқалған ну орманға

айналуына атсалысуымыз керек. Келешек ұрпақ осы жерге келіп, ел тарихының бір парасын танытып болады, – деді Болат Токтабайұлы. Осынау істің басы-қасында жүрген белсенділердің бірі – Болат Есіркепов игі шараның әлі де жалғаса беретінін тілге тиек етті. «Желтоқсандықтар» күзгі жапырақтар мен қураған шөп басқан саябақты әп-сәтте тазалап, соңынан ұлттық ойын көрігін қыздырды. Барлық тазалық тойына қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.



«Ауданына қарап, азаматын таны»

Жалпықалалық сенбілікке қатысушылар қолғап, тырма, күрек, қап сияқты қажетті заттармен қамтылып, оларға аудан әкімшілігі тарапынан сендвич, түрлі сусындар таратылды.

Жалпы, Жетісу ауданындағы сенбілік негізгі екі орынды қамтыды. Бұл күні «Көкжиек» ықшамауданында 300 көшет, «Жангелдин атындағы» саябаққа 200 көшет отырғызылды.

Жалпы, Жетісу ауданындағы сенбілік негізгі екі орынды қамтыды. Бұл күні «Көкжиек» ықшамауданында 300 көшет, «Жангелдин атындағы» саябаққа 200 көшет отырғызылды.

Алматы халқы өзі туған қаласының ұқыпты әрі таза болғанын қалайды. Осы мақсатпен сенбілік акциясы өтті.

Азаматтық парыз



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

28 Панфиловшылар саябағында алматылықтар сенбілікке шықты. Аталған игі бастама республикалық «Таза Қазақстан» акциясының негізінде, сондай-ақ «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында жүзеге асырылды.

Мұның мақсаты – қала тазалығын сақтап, экологиялық ахуалды жақсарту.

«Біз өз шаһарымыздың әдемі, тап-таза болғанын қалаймыз. Ешқандай қоқыс көшеде, аулада шашылып жатпаса екен. Егер әр азамат өз маңайына ұқыпты қараса, экологиялық белсенділік арта түседі», – деді ерікті Жарас Еркінбек.

Сонымен қатар, аталған акцияға әр санаттағы адамдар да келіп қатысып, жаппай тазалыққа өз үлестерін тигізді.

«Бұрын Алматы жап-жасыл болатын. Көшедегі арықтардан су мөлдіреп алатын. Тіпті, апорт өскен кездер де есте. Бүгін қаланың шырайын кіргізу үшін көптеген істер жасалып жатыр. Әр іске береке берсін, қаламыз гүлдене бергей», – деді қала тұрғыны Қаржаубай Ақтазов.

«Жарқын күз» экоакциясы

Шаһарда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны мен «Жарқын күз» бағдарламасы аясында қоқыс урналарын жинау жұмыстары қарқын алды. Дәлірек айтсақ, 18–24 қазан аралығында «Жарқын күз» экоакциясы шеңберінде урналарды тазарту бойынша қосымша маршруттар енгізілді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мамандар командалары күн сайын сағат 12.00-ден 20.00-ге дейін шағын көлемді машиналармен көшелерге шығып, қоқыс тасталған шағын темір жәшіктерді тазалап алып, көлікке тиіп отырады. Осы жұмысқа мониторинг жүргізілгенде қоқысқа толған урналары бар 52 орын анықталды.

Енді әр аумаққа жауапты адамдар бекітілді. Олар туындаған мәселелерге байланысты сол сәтте жедел жауап береді.

Алматыда 33 мың урна бар болса, қаланың тазалығын шамамен 1300 адам және 1000-нан астам техника бақылайды. Алдағы уақытта қаланың дизайн-кодына сәйкес жаңа да кең урналар сатып алу көзделген.

Алматыда контейнерлік алаңдарды санитарлық өңдеу жұмыстары да күшейтілген. Мәселен, алдағы уақытта 700-ден астам алаң тазартылады және дезинфекцияланады, сондай-ақ 25 мыңға жуық көше және аула урналары жаңартылады. Ескі контейнерлер түбі терең контейнерлерге ауыстырылады. 2024–2025 жылдарға арналған жоспарда 2 мыңнан астам жаңа контейнер орнату көзделген.

Бұл бастамалар «Таза Қазақстан» бағдарламасы және қаланы күз-қыс мезгіліне дайындауға, таза қалалық орта құруға бағытталған «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында жүзеге асырылуда.

Алматы – жалғыз, ал біз – көппіз. Сондықтан ару қаланы таза ұстау – бәрімізге парыз. Қаламызды таза ұстайық!

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

Қан қысымының көтерілуі – жиі кездесетін аурулардың бірі. Ол, әсіресе, инфаркт, инсульт сияқты асқыну қаупіне және қарыншалық тахикардия мен қарыншалардың фибрилляциясы сияқты өлімге әкелетін жүрек ырғағының бұзылуына байланысты денсаулыққа үлкен қауіп төндіреді. Бұл туралы бізге №36 қалалық емхананың дәрігері Меруерт Мадиярқызы толығырақ айтып берді.

ҚАН ҚЫСЫМЫН БАҚЫЛАУДА ҰСТАҢЫЗ



Оның айтуынша, гипертония сондай-ақ, бүйрек функциясына теріс әсер етіп, қосымша стресс тудырады. Ал бұл одан әрі созылмалы бүйрек жеткіліксіздігіне әкеледі. Артериялық гипертензия 120/80 мм сын. бағ. нормасынан асатын артериялардың қабырғаларында қан қысымының жоғарылауымен сипатталады. Бұл көрсеткіш 140/90 мм сын. бағ. жеткенде гипертония туралы айтуға болады. Мұндай жағдайда жүрек шамадан тыс жүктемемен жұмыс істейді. Бұл жүрек жеткіліксіздігінің дамуына, сондай-ақ органдар мен тіндердің қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуына әкеледі.

Дәрігердің сөзіне сүйенсек, гипертонияның ең қауіпті салдарының бірі – жүрек бұлшықетінің қанмен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, жүректің некрозына әкелетін миокард инфарктісі. Бұл жағдай жүрек ырғағының елеулі проблемаларын тудыруы, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Жоғары қан қысымы инсульт қаупін де арттырады. Өйткені, қан тамырлары серпімділігін жоғалтады және қан ұйығыш болады.

– Гипертонияның дамуын болдырмау үшін салауатты өмір салтын ұстану керек. Дұрыс тамақтану да маңызды. Темекі шегуді және алкогольдік өнімді ішуді тоқтату керек. Үнемі жаттығу жасау да бұл аурудың бетін қайтарады. Сондай-ақ, қан қысымын үнемі бақылап отыру және қажет болған жағдайда көрсеткішті қалыпты шекте сақтау үшін дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмекті қабылдау маңызды, – дейді Меруерт Мадиярқызы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТҰМАУҒА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАҢЫЗ...

Күннің суытуына байланысты тұмаудың бас көтеретіні заңды. №11 қалалық емхана дәрігері Арайлым Кәрібектің айтуынша, тұмау әсіресе, иммунитеті әлсіреген адамдарда, балалар мен қарт адамдарда жиі асқынады.

Баршамызға белгілі, грипп ауа тамшылары арқылы жұғады. Вирусы жөтелгенде, түшкіргенде және сөйлескенде таралады. «Ол адамдар бір-бірімен жақын қарым-

ҚҰРМЕТ

«НУТРИЦИОЛОГИЯ»

кафедрасына Төрегелді Шармановтың есімі берілді

Академик Төрегелді Шармановтың туған күніне, Қазақ тағамтану академиясының 50 жылдығы мен ҚазҰМУ-дың «Нутрициология» кафедрасының 30 жылдығына орай салтанатты іс-шара өтті. Ақ халатты абзал жандар бас қосқан жиында «Нутрициология» кафедрасына Төрегелді Шармановтың есімі берілді.

Іс-шара барысында академиктің отандық денсаулық сақтау саласына сіңірген орасан зор үлесі, ұлт денсаулығына арнаған өлшеусіз еңбегі атап өтілді. Сол еңбектері үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын иеленгеніне мән берілді.

Иә, негізін айтулы профессор қалаған Қазақ тағамтану академиясы ғылыми мекеме ретінде 50 жыл ішінде іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін бірегей база құра білді. Бұл зерттеулер ұлттық денсаулық сақтау және азық-түлік қауіпсіздігі саясатын қалыптастыруға, сондай-ақ балаларға арналған және функционалдық тағам өнімдерін жасау мен өндірістік өндіруге бағытталды.

Кездесуге қатысқандар бұл қызметтің ең маңызды бағыттарының бірі мамандар



даярлау және тағамтану ғылымы саласында ағартушылық жұмыстар екенін атап өтті. Бұл міндетті С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіндегі «Нутрициология» кафедрасы жүзеге асырып келеді. Осыдан 30 жыл бұрын құрылған аталмыш кафедра – посткеңестік кеңістіктегі медициналық оқу орнында ұйымдастырылған жалғыз кафедра.

Кеңестер Одағының аясында ешқандай тағамтану кафедрасы болмаған. Ұлт хәм ұрпақ саулығын көздеген Төрегелді Шарманов тамақтану тәртібінің бұзылу себептерін алғаш болып зерттегендердің бірі. Мешел ауруының дамуына әсер ететін факторларды анықтаған ғалым. Академиктің жетекшілігімен 56 докторлық, 170 кандидаттық диссертация қорғалған.

ЕМХАНА



ҮЙДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Шаһардағы №7 қалалық клиникалық аурухана жанындағы емхана дәрігерлері отбасынан алысқа ұзап шыға алмайтын, жүріп-тұруы қиын қарттарды үйлеріне барып медициналық тексеруден өткізді.

Кешенді медициналық бригада, яғни кардиолог, эндокринолог, терапевт, «Салауатты өмір салтын насихаттау» кабинетінің мейірбикесі бірігіп, диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Олар егде жандардың қанындағы қанттың және холестерин деңгейін, артериялық қан қысымын, көзішілік қысымды өлшеп, ЭКГ жасады.

Сондай-ақ, аталған емханада тіркелген тұрғындарға «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, дәрігерлер қауіпті аурулардан қорғану жолдары туралы әңгімелеп, алматылықтар тарапынан қойылған сауалдарға толыққанды жауаптар берілді.

және ауыр болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тұмау бронхитке, пневмонияға, гайморитке ұласуы мүмкін, ал егде жастағы науқастарда астма, қант диабеті және жүрек ауруы сияқты созылмалы аурулардың өршуіне әкелуі мүмкін», – дейді дәрігер.

Тұмаудың негізгі белгілері: жоғары температура (39-40°C дейін); дене және буындардың ауыруы; бас ауырады; құрғақ жөтел; тамақтың ауыруы; әлсіздік пен шаршау.

Дәрігердің айтуынша, тұмаудан қорғандың ең тиімді жолы – жыл сайын екпе алу. Жаңа маусымда күтілетін вирус штамдарына сәйкес келетін вакциналар жыл сайын жаңартылып отырады. Елімізде тұмауға қарсы екпе Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген.

Ал тұмаудан қорғандың қарапайым жолы: қолды сабынмен жиі жуу; кісі көп жиналатын орындарда бетперде тағып жүру; тұмауратып тұрған адамға жақындамау; үй-жайларды жиі желдетіп тұру.



қатынаста болған кезде, әсіресе, қоғамдық орындарда, мектеп және кеңселерде басқаларға оңай жұғады. Балалар мен егде жастағы адамдарда симптомдар тез дамуы

ДӘРІС

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР МЕКТЕБІ

жеңіл босануды, жаңа туған сәбиді дұрыс күтуді үйретеді

Құрсақ көтерген әйелдердің бәрі бірдей жүкті кезде күтіну, босану жолдарын немесе босанғаннан кейін бала күтімін біле бермеуі мүмкін. Сондықтан олардың көкейінде көп сауал тұруы да заңды.

№2 қалалық перинаталдық орталық мамандары арнайы «Жүкті әйелдер мектебін» ашып қойған. Мұнда болашақ аналар үшін дәрігер-мамандармен кездесулер ұйымдастырылады, дәрістер оқылады. Сұрақ-жауап форматындағы жүздесулер де екіжақты диалогтың тиімді болуын қамтамасыз етеді.

Лекция оқушы акушер-гинекологтар мен неонатологтар білімімен, тәжірибесімен бөлісуге әрқашан дайын. Олар жүктілік кезеңдері, бала туатын кезде қандай әрекеттер босануды жеңілдететіні, сондай-ақ жаңа туған нәрестеге күтім жасаудың әртүрлі аспектілері туралы айтады.

Жүкті әйелдерге арналған мектеп тек білім беру алаңы ғана емес, сонымен қатар өмірдің осынау маңызды және жауапты кезеңінде оларға күш, сенім сыйлайтын мекен екені сөзсіз.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бүгінгі күні перинаталдық скрининг жүргізудің колжетімділігін жақсарту және жүкті әйелдер үшін жайлылық пен ыңғайлылықты қамтамасыз ету үшін еліміздің 10 өңірінде «Бір күндік клиника» жобасы іске асырылуда. Осы жобаның шеңберінде аяғы ауыр әйелдер бір күннің ішінде тексеруден өтіп, құрсақтағы ұрықтың жағдайы туралы толық ақпарат ала алады.

Жалпы, елімізде босандыру саласында 5 мыңнан астам акушер-гинеколог және 9 мыңнан астам акушер жұмыс істейді. Олар жыл сайын орта есеппен 400 мың жүкті әйелдің босануын бақылайды және қабылдайды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

«ӘСЕТТІҢ ӘСЕМ ӘНДЕРІ-АЙ»

Қазақтың ән өнерінде Әсет Бейсеуовтің орны ерекше. Оның әндерімен талай ұрпақ сусындап, талай ғашық бақыт бесігінде тербелді. Әсеттің әні тек қазақ даласында ғана емес, елімізден тыс жерлердегі қандастарымыздың да сағыныш сазына айналды. Бүгінде атақты композитордың өзі кетсе, соңында мол мұрасы, халқына арнап жазған әсем әндері қалды. Біз әлі күнге дейін Әсеттің әнімен сусындап, Әсеттің әнімен «Алматының гүл бағын аралап, қиялмен алысқа ұзаған», «Армандастар, құрдас-тар» деп арманын әнмен жалғаған, «Неге жаным мұңайдың» деп, енді бірде «Көздеріңе ғашықпын нұр шашқан», «Бір сен үшін жаралдым, о, Маралдым» деп туған жерге деген перзенттік сезімді білдіріп жүрген ұрпақпыз.



шебері, ән дүлдүлі Нұрғали Нүсіпжанов «Алтыным», «Армандастар» әндерін нәшіне келтіре орындап, Әсет туралы әдемі естелігімен бөлісті.

Әсет Бейсеуовтің «Алтыным» әнінің кейіпкері болған Алтын апаға да көрерменнің қошеметі ерекше болды. «Айтушысы табылса, ән құлпырып кетеді екен ғой» деп, Әсет ағаның өзі айтқандай, Әсет Бейсеуовтің әндерін орындаған әншілер кеш бойы тыңдармандарға қуаныш сыйлады. Композитордың әндері мәтінімен де ерекшеленеді. Бұл тұрғыда ақын Фариза-

ның Шәмша Беркімбаеваға арнап жазған Әсеттің «Қыз-ғұмыр» әнін Жанар Айжанова тамылжыта орындап, талай жүрекке сағыныш отын жақты. Астанадан арнайы келген Серік Тұрғынбековтің сөзіне жазылған Әсет Бейсеуовтің бірнеше әні орындалды.

Кеш бойы композитордың «Алмалы Алматым», «Гүлдер», «Шақырады көктем», «Мұңайма», «Алтыным», «Маралдым», «Сандуғаш», «Сырласу вальсі», «Жұлдызым», «Армандастар», «Жайықтан қайтқан тырналар» сияқты қазақ ән

өнерінің алтын қорына енген туындылары көрерменнің құлақ құрышын қандырды.

Әсеттің «Дидарынды көргенде», «Жолың болсын, жолаушы!» әндерін Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Қанат пен Айткүл Құдайбергеновтер құйқылжыта салды. Танымал әнші Гүлнар Сикымбаева орындауға тиіс «Сен қайда жүрсің?» әнін жас әнші орындады. Келесі кезекте Әсеттің шәкірті, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ұлжан Айнақұлова «Оралды көктем» әнімен көрермендердің көңілін көтерді. Дәстүрлі әннің дүлдүлі Рамазан Стамғазиев, Ұлту Қабаева, «Жігер» тобы, Бибігүл Қылымхан, Шаба, Нұржан Қалжан, жас әнші Еділік Нұрмағанбетова, басқа да өнер иелері Әсеттің әндеріне қанат бітірді. Қазақ радиосының жүргізушілері Бакыт Жағыпар мен Гүлмира Нәлібай кешті әсерлі, мазмұнды етіп жүргізді.

Танымал композитор Әсет Бейсеуов 1996 жылы өмірден озды. Көз көргендердің айтуынша, бұл кезде ол кісінің үлкен қайғы үстінде жүрген кезі екен. Жұбайы Зәмзұра қайтыс болғаннан кейін 40 күн өткенде Әсет те о дүниеге аттанды. Қазіргі таңда Әсет Бейсеуов атында мектеп, көше, мұражай бар.

Ең бастысы – Әсеттің соңында өлмейтін мұрасы, оның әндері қалды. Сазды әуенімен мыңдаған тыңдарманның жүрегін тербеген Әсет әндері ұрпақтан-ұрпаққа жетері сөзсіз. Қазақ өнерінде Нұрғиса, Шәмші сияқты тума таланттар бір ғасырда бір туар болса, Әсет те сол шоғырдың занды жалғасы.

Концерттен көрермен рухани нәр алып қайтса, Әсет әндеріне Алатау басын иіп, Алматы тербеліп тұрды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КОНЦЕРТ ТЕ, ЦИРК ТЕ, КӨРМЕ ДЕ БІЗДЕ

Мегаполисте Республика күніне орай өтетін салтанаттың бәрі сіздерге арналады

(Басы 1-бетте)

Негізгі салтанатты концерт **23 қазанда** сағат 15.00-де Республика сарайында өтеді. Іс-шараға аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблі, А' Studio тобының негізін қалаушы, продюсер және композитор Байғали Серкебаев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, домбырашы-күйші Асылбек Еңсепов және басқа да артистер қатысады. Сол күні кешке Гоголь мен Панфилов көшелерінің қиылысындағы метрополитен алдындағы ашық алаңда қаланың би командалары арасындағы патриоттық элементтері бар Almaty Street Battle көрмесі өтеді.

24 қазан сағат 10.00-ден бастап Алматы музейінде «Тарихи дерек – елдігіміздің бастауы» көрмесі жұмыс істейді. Сағат 11.00-де Қазмемцирктің левадасында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған иппотерапия-кайырымдылық акциясы ұйымдастырылады. Ал сағат 15.00-де Қазыбек би көшесінен Абай даңғылына дейін Достық даңғылында Қазақстанның мемлекеттік туларын көтеретін жас қазақстандықтардың қатысуымен патриоттар шеруі өтеді.

Республика күні, яғни **25 қазанда** сағат 11.00-де «Медеу» БСК-да мемлекеттік туды көтеру және Қазақстан Гимнін жаппай орындау салтанатты рәсімі көрініс таппақ. Сол күні сағат 11.00-де Нұрғиса Тілендиев мемориалдық мұражайында «Өз елім» мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, мерекелік іс-шаралар қаланың барлық ауданында да салтанат құрады. Атап айтсақ: **Бостандық ауданында** 22 қазан күні сағат 10.00-де



Мемлекеттік Туды көтеру салтанатты рәсімі және Алматыдағы М.Есболатов атындағы академияда «Мәңгілік жаса, Қазақстан» мерекелік іс-шарасы;

Әуезов ауданында сол күнгі сағат 11.00-де Н.Сап атындағы мемлекеттік академиялық театрда «Байтақ елім, Қазақстан» патриоттық мерекелік концерті; 24 қазанда сағат 15.30-да Алматыдағы Б.Момышұлы атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінде Мемлекеттік Туды көтеру және Қазақстан Өнұранын жаппай орындау салтанатты рәсімі;

Алатау ауданында 22 қазанда сағат 16.00-де «Алатау» дәстүрлі өнер театрында («Нұркент») салтанатты іс-шара;

Түрксіб ауданында 23 қазанда сағат 11.00-де №7 Оқушылар үйінде (Нұрсая көшесі, 4А) «Тоғызқұмалақтан» қалалық турнир; сағат 19.00-де республикалық академиялық Неміс драма театрында (Папанин көшесі, 70/1) «Samruk» заманауи би театрының концерттік бағдарламасы; 24 қазанда сағат 17.00-де №6 Оқушылар үйінде (Сейфуллин даңғылы, 13/1) салтанатты концерт;

Медеу ауданында 23 қазанда сағат 12.00-де Каспий университетінде (Достық даңғылы, 85А) мерекелік концерт және «Алғыс хаттармен» марапаттау;

Алмалы ауданындағы мерекелік іс-шара 23 қазан күні сағат 12.00-де Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде (Гоголь көшесі, 114); №4, №33, №20 кітапханаларда кітап көрмелері;

Наурызбай ауданында 24 қазан күні сағат 12.00-де («Шұғыла», 347/4) мерекелік концерт; 25 қазан күні сағат 12.00-де Амфитеатр («Шұғыла», 347) аумағында мерекелік концерт;

Жетісу ауданында салтанатты концерт 25 қазан күні сағат 11.00-де «Көкжиектегі» жаяу жүргіншілер аймағында өтеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2125 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №34.1-34/1223-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тілендиев көшесін ұзарту үшін Алматы қаласының Алатау ауданында Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін орналасқан мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы
№4/530-2125 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Қапарбай Батигүл	20-321-012-200	«Ұлжан-1» шағынауданы, Қалдырғали Жалайыри көшесі, 137	0,1000
2	Шагирова Мазира Даутхановна	20-321-012-367	«Ұлжан-1» шағынауданы, Қалдырғали Жалайыри көшесі, 6	0,0678
3	Хамидуллов Рустам Галимудлович	20-321-012-566	«Ұлжан-1» шағынауданы, Қалдырғали Жалайыри көшесі, 135	0,0635
4	Қарибжанова Анар Қалқамановна, Шәріпов Нұрбек Асқарбекұлы	20-321-015-021	Кольцевая көшесі, 58В	жалпы-1,2173 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1517
5	Баймұхамед Тұрғынбек Серікұлы, Ералиева Жанар Шарханбековна	20-321-015-046	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58А	жалпы-0,2409 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1046
6	Токеев Бақтияр Турембекович	20-321-015-101	«Самғау» шағынауданы, Кольцевая көшесі, 58	0,1000
7	Турсунбеков Данияр Мұхтарбекович, Турсунбекова Бірлән Серікбайқызы	20-321-015-109	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58/2	жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0308
8	Жумаканова Камар Тұрсынвна	20-321-015-111	«Ұлжан» шағынауданы, Қалдырғали Жалайыри көшесі, 133	жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0298
9	«ALM PRO MET» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-015-112	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58/11	жалпы-0,3192 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1280
10	Игиликова Гульнар Советовна	20-321-015-119	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58/8	жалпы-0,0896 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0347
11	«KazAngar» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-015-124	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58Г	жалпы-0,4976 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0248
12	Рахимов Нұрмұхамед Кабулович	20-321-015-142	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58Б	0,1248
13	Абирова Жанна Уалиевна, Қалдыбек Азамат Сәкенұлы	20-321-015-155	«Ұлжан-1» шағынауданы, Төкежанов көшесі, 2	0,0820
14	Алиева Асель Маратовна, Алиев Дидар Муратханович	20-321-015-182	«Ұлжан-1» шағынауданы, Қалдырғали Жалайыри көшесі, 4	0,0759
15	Иманасов Мұхтар Секенович	20-321-015-203	«Ұлжан-1» шағынауданы, Қалдырғали Жалайыри көшесі, 127	0,0326
16	Акрамова Татьяна Николаевна, Акрамова Мирана Рашидовна, Акрамова Дарина Рашидовна	20-321-018-225	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58	жалпы-0,1548 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0565

17	Турсунбеков Данияр Мұхтарбекович	20-321-018-249	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58/3	0,0916
18	Гамидова Асия Жасиевна	20-321-019-001	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 1/1	0,2263
19	«МАРИЯ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-002	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80Б	жалпы-1,751 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2437
20	«GauzerA-stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-005	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 6Д	жалпы-0,6969 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1568
21	Рафикова Фарида Маликовна	20-321-019-007	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80А	0,2735
22	«Подзем-МеталлЗащита» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-011	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80Г	жалпы-1,2857 үлесі-0,6323 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2479
23	«Электро-ХСБМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-011	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80Г	жалпы-1,2857 үлесі-0,6429 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2479
24	Чежегова Светлана Николаевна	20-321-019-013	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 78	0,0509
25	«Гелиос» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-014	Рысқұлов даңғылы, 103з	0,0689
26	«Сенім» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-015	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80В	жалпы-0,8794 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1451
27	Казанцева Елена Сергеевна	20-321-019-016	«Самғау» шағынауданы, Кольцевая көшесі, 76	жалпы-0,0592 үлесі-0,0296
28	Сағайдачная Ирина Иосифовна	20-321-019-016	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 6	жалпы-0,0592 үлесі-0,0296
29	Семеникин Дмитрий Викторович, Семеникин Александр Викторович, Семеникина Любовь Михайловна	20-321-019-018	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80	0,0421
30	«Asi Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-025	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58Е, 1-корпус	жалпы-1,0469 үлесі-0,2372
31	Абдылдаева Махабат Мелисовна	20-321-019-025	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58Е	жалпы-1,0469 үлесі-0,5000
32	Абдылдаева Махабат Мелисовна, Осмоналиев Айбек	20-321-019-025	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58Е,3 тұрғын емес бөлімі	жалпы-1,0469 үлесі-0,0700
33	«Фирма «Аулие-Ата» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-026	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80Е	0,5752 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0612
34	Бондарев Антон Сергеевич, Бондарева Мария Борисовна	20-321-019-028	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 74	0,0512
35	Баширова Макира Тургамбаевна	20-321-019-029	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 10 Г	жалпы-0,7607 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0385
36	Тұрғын Болсынбек Рыспайұлы	20-321-019-032	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 9 А	0,2925
37	Иманкулов Айдар Элемарович	20-321-019-037	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 7	жалпы-0,484 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0853
38	Расторгуева Евгения Андреевна	20-321-019-042	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 7	жалпы-0,4837 үлесі-0,1934 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0771
39	Расторгуева Марина Юрьевна	20-321-019-042	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 7	жалпы-0,4837 үлесі-0,2902 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0771
40	Рзаев Фахрат Ибрагимович	20-321-019-043	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 7	жалпы-0,484 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0562
41	Абдуллаев Ибадулла	20-321-019-044	«Самғау» шағынауданы, Кольцевая көшесі, 64 А	0,0841
42	Глейх Екатерина Викторовна	20-321-019-045	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58Д	жалпы-0,1115 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0566
43	Смагина Ольга Васильевна	20-321-019-046	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 62	жалпы-0,0905 үлесі-0,0453
44	Быкова Олеся Анатольевна	20-321-019-046	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 62, 1-корпус	жалпы-0,0905 үлесі-0,0452
45	«КазКонтракт Компанияс» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-048	Немирович-Данченко көшесі, 51 Е	жалпы-0,9952 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2232
46	Баратов Ибайдула Абдрашидович	20-321-019-050	«Самғау» шағынауданы, Жанаарқа көшесі, 10	0,3815
47	Валиев Маликжан Алимджанович, Валиев Арманжан Алимджанович, Валиева Гульмира Алимджановна	20-321-019-052	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 70	жалпы-0,0377 үлесі-0,0139
48	Валиева Гусей Ильмахуновна	20-321-019-052	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 70	жалпы-0,0377 үлесі-0,0238

49	Бреусова Ольга Сергеевна	20-321-019-056	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 60	0,0817
50	Саго Вячеслав Валерьевич, Саго Марат Валерьевич	20-321-019-069	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 72	0,0300
51	«АТП-3» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-072	Рысқұлов даңғылы, 103/28	жалпы-0,5123 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1170
52	«АТП-3» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-321-019-074	Рысқұлов даңғылы, 103/6	жалпы-3,2108 иеліктен шығарылатын ауданы-0,6529
53	Курбанов Мамед Шамильевич	20-321-019-075	Рысқұлов даңғылы, 103/29	жалпы-0,2013 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0654

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы № 4/530-2126 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі №26.1-26.06/1152-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (аумақты абаттандыру) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын:

1) Ольга Васильевна Романованың Алматы қаласы, Медеу ауданы, Речка Казачка көшесі, 40-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-043-507), ауданы – 0,0696 га;

2) Гульзат Муратовна Данексееваның Алматы қаласы, Медеу ауданы, Речка Казачка көшесі, 14-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-043-183), ауданы – 0,0813 га.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2127 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №34.1-34/1315-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Райымбек даңғылын ұзарту үшін Алматы қаласының Жетісу және Медеу аудандарында орналасқан жер учаскелерін Жетісуская көшесінен Шығыс айналма автомобиль жолына дейін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ



Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы
№4/530-2127 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуга жататын
жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Куртжемилев Куртвели Куртжелиевич	20-314-037- 008	Жетісу көшесі, 55	0,0828
2	Усеинов Құлалы Алиевич	20-314-037- 017	Шерхан Мұртаза көшесі, 55/35	0,0345
3	Алтыбаева Алиман Сураншиевна	20-314-037- 023	Райымбек даңғылы, 31, 1-пәтер	жалпы-0,0597 үлесі-0,0209
4	Мусаев Жалалдин Жамалдинович	20-314-037- 023	Райымбек даңғылы, 31, 2-пәтер	жалпы-0,0597 үлесі-0,0178
5	Джандырбаева Марал Калдыхожаевна, Утегенов Канат Ергешбаевич	20-314-037- 023	Райымбек даңғылы, 31, 3-пәтер	жалпы-0,0597 үлесі-0,0210
6	Лесько Станислав Анатольевич	20-314-037- 026	Жетісу көшесі, 53А	0,0571
7	Сұлташұлы Ахат	20-314-037- 028	Құратов көшесі, 57/25	0,0352
8	Башкирова Елена Николаевна	20-314-037- 036	Райымбек даңғылы, 15	жалпы-0,1407 үлесі-0,0800
9	Чубрин Александр Владимирович, Чубрина Лилия Александровна, Петровская Светлана Павловна, Петровский Валерий Петрович	20-314-037- 063	Жетісу көшесі, 53/43	0,0258
10	Черепанский Николай Николаевич	20-314-037- 071	Райымбек даңғылы, 41	0,0854
11	Закирова Шадиам Эльмуратовна	20-314-037- 072	Райымбек даңғылы, 27	жалпы-0,0611 үлесі-0,0366
12	Исхакова Мадина Рафкатовна, Исхакова Айгүль Рафкатовна	20-314-037- 072	Райымбек даңғылы, 27, 1 корпус	жалпы-0,0611 үлесі-0,0245
13	Исаков Ербол Абылжанұлы, Исакова Алимаш	20-314-037- 079	Райымбек даңғылы, 19, 2-пәтер	жалпы-0,0337 үлесі-0,0084 үлесі-0,0253
14	Токеев Айбек Коштибаевич	20-314-037- 107	Райымбек даңғылы, 39	0,0242
15	Волкова Галина Владимировна	20-314-037- 108	Райымбек даңғылы, 43	0,0181
16	Ашуров Ринат Акимович	20-314-037- 122	Райымбек даңғылы, 9 А	жалпы-0,0677 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0090
17	Кашкынбаев Ескермес Жалелович, Кашкинбаева Құлмира Жалеловна	20-314-037- 125	Райымбек даңғылы, 13, 1-пәтер	жалпы-0,1223 үлесі-0,0407
18	Келгенбаев Сеидрахмет	20-314-037- 125	Райымбек даңғылы, 13, 2-пәтер	жалпы-0,1223 үлесі-0,0390
19	Мүслимова Молдир Ерлановна	20-314-037- 125	Райымбек даңғылы, 13	жалпы-0,1223 үлесі-0,0426
20	Құрбанов Рафиль Мажитович	20-314-037- 128	Райымбек даңғылы, 7	0,0628
21	Зайтова Галина Григорьевна, Зайтов Зайчан Аутович	20-314-037- 137	Райымбек даңғылы, 33	0,0619
22	Зайтова Изатбуви Аутовна	20-314-037- 144	Райымбек даңғылы, 29	0,0339
23	Подпорина Александра Юрьевна	20-314-037- 146	Райымбек даңғылы, 19	0,0116
24	Шабельникова Татьяна Анатольевна	20-314-037- 147	Райымбек даңғылы, 5	0,0535
25	Зайров Анвар Ашимжанович	20-314-037- 149	Райымбек даңғылы, 9	жалпы-0,0738 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0079
26	Подпорина Александра Юрьевна, Подпорин Юрий Алексеевич	20-314-037- 151	Райымбек даңғылы, 19	0,0093
27	Омарбаева Жазира Темірхановна	20-314-037- 153	Райымбек даңғылы, 11	0,0587
28	Гадилов Рухин Гадилович, Гадирова Солмаз Якувовна	20-314-037- 167	Райымбек даңғылы, 37	0,0149
29	Труханов Дмитрий Викторович	20-314-037- 041	Райымбек даңғылы, 1	0,0443
30	Кенжетасова Маргарита Леонтьевна	20-315-003- 016	Есенберлин көшесі, 41	жалпы-0,0754 үлесі-0,0418
31	Руснак Максим Владимирович, Руснак Маргарита Александровна	20-315-003- 016	Есенберлин көшесі, 41	жалпы-0,0754 үлесі-0,0336
32	Белова Рауза Рафаиловна	20-315-003- 043	Шақшақ Жәнібек көшесі, 5, 1-пәтер	жалпы-0,0598 үлесі-0,0404
33	Лесов Елеман Болатович	20-315-003- 043	Шақшақ Жәнібек көшесі, 5, 2-пәтер	жалпы-0,0598 үлесі-0,0194
34	Халимназаров Бахтияр Тахирович	20-315-003- 086	Коперник көшесі, 74, 1 корпус	жалпы-0,1044 үлесі-0,0605
35	Шолодо Наргиза Рахимжановна	20-315-003- 086	Коперник көшесі, 74	жалпы-0,1044 үлесі-0,0439
36	Арзуева Гульмира Ялкуновна	20-315-003- 092	Шақшақ Жәнібек көшесі, 3	0,0336
37	«Компания АХАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	20-315-003- 100	Коперник көшесі, 72 Б	0,0764
38	Земченков Сергей Сергеевич	20-315-003- 107	Коперник көшесі, 62	жалпы-0,0641 үлесі-0,0353
39	Земченков Артём Сергеевич, Земченков Сергей Сергеевич	20-315-003- 107	Коперник көшесі, 62	жалпы-0,0641 үлесі-0,0288
40	Адилбеков Аскар Асылханович	20-315-003- 128	Есенберлин көшесі, 33	0,047
41	Караваев Сергей Юрьевич, Ким Маргарита Вениаминовна	20-315-003- 167	Коперник көшесі, 72, 1-пәтер	жалпы-0,0718 үлесі-0,0382

42	Цунвазо Рашид Каримович	20-315-003- 167	Коперник көшесі, 72, 2-пәтер	жалпы-0,0718 үлесі-0,0336
43	Джуджеоглу Қорхан	20-315-003- 175	Шақшақ Жәнібек көшесі, 3	0,0346
44	Егорина Анна Михайловна	20-315-003- 185	Шақшақ Жәнібек көшесі, 1/58	0,0294
45	Бутурлина Татьяна Николаевна	20-315-003- 209	Коперник көшесі, 60	0,0559
46	Садыркулов Топчубек Чаймерденович	20-315-004- 012	Краснодонская көшесі, 10	0,0637
47	Мартынов Иван Валерьевич	20-315-004- 020	Краснодонская көшесі, 12/55	0,0708
48	Пигин Денис Петрович	20-315-004- 028	Шақшақ Жәнібек көшесі, 23	жалпы-0,0856 үлесі-0,0453
49	Кайрбаева Азатгүль Қыдыржановна	20-315-004- 028	Шақшақ Жәнібек көшесі, 23	жалпы-0,0856 үлесі-0,0400
50	Абаева Ольга Олеговна, Кабанцов Олег Олегович	20-315-004- 034	Шақшақ Жәнібек көшесі, 21	0,0624
51	Васильев Дмитрий Николаевич	20-315-004- 046	Шақшақ Жәнібек көшесі, 17	жалпы-0,0708 үлесі-0,0070
52	Радченко Татьяна Дмитриевна	20-315-004- 046	Шақшақ Жәнібек көшесі, 17	жалпы-0,0708 үлесі-0,0498
53	Лоханова Наталья Дмитриевна, Лоханов Алексей Константинович	20-315-004- 047	Шақшақ Жәнібек көшесі, 19	жалпы-0,0931 үлесі-0,0516
54	Салоедова Елена Сергеевна	20-315-004- 047	Шақшақ Жәнібек көшесі, 19	жалпы-0,0931 үлесі-0,0415
55	Васильева Альфина Ахатовна	20-315-004- 083	Краснодонская көшесі, 8	0,0722
56	Қабиден Амангүл Оңғарбекқызы	20-315-004- 102	Краснодонская көшесі, 2 А	0,0624
57	Сұлтанова Мария Узғанбаевна	20-315-004- 116	Шақшақ Жәнібек көшесі, 27/51	0,0511
58	Селиванова Анна Валерьевна	20-315-004- 165	Краснодонская көшесі, 6	0,0609
59	Пахоменко Елена Николаевна	20-315-004- 239	Краснодонская көшесі, 6 А	0,0306
60	Шарилова Анна Вадимовна	20-315-004- 244	Есенберлин көшесі, 46	0,0569
61	Грущенко Сергей Геннадьевич	20-315-004- 248	Есенберлин көшесі, 50	0,0446
62	Сарсембаев Ермек Сидкереевич	20-315-004- 268	Краснодонская көшесі, 4	0,0415
63	Шамрай Людмила Дмитриевна	20-315-004- 311	Есенберлин көшесі, 54/1	0,0557
64	Игнатченко Андрей Игоревич	20-315-004- 312	Есенберлин көшесі, 48	0,0596
65	Бит-сулейман Юрий Михайлович, Бит-қочар Юлия Давидовна	20-315-004- 314	Учительская көшесі, 53	0,0557
66	Тимоховец Татьяна Степановна	20-315-004- 341	Есенберлин көшесі, 52/2	0,0534
67	Бит-сулейман Юрий Михайлович, Бит-қочар Юлия Давидовна	20-315-004- 342	Шақшақ Жәнібек көшесі, 25	0,045
68	Шелобанова Ольга Николаевна, Шелобанов Лев Валерьевич	20-315-004- 400	Шақшақ Жәнібек көшесі, 21 А	0,041
69	Шестаков Юрий Павлович	20-315-041- 037	Шақшақ Жәнібек көшесі, 2 А	0,0182
70	Мұхамжан Жағылхан, Сауқымбек Тауып, Сауқымбек Ануар, Тауып Ерлан, Тауып Нұрсара, Тауып Ажар	20-315-045- 001	Шерхан Мұртаза көшесі, 48	0,0517
71	Алин Данияр Кәкімжанұлы	20-315-045- 005	Райымбек даңғылы, 28	жалпы-0,0771 үлесі-0,0409
72	Түлегенова Түймекул Нұсқабаевна	20-315-045- 005	Райымбек даңғылы, 28	жалпы-0,0771 үлесі-0,0362
73	Сосин Олег Николаевич	20-315-045- 041	Райымбек даңғылы, 18	жалпы-0,0488 үлесі-0,0286
74	Бүлпебаева Құлбаран	20-315-045- 041	Райымбек даңғылы, 18	жалпы-0,0488 үлесі-0,0202
75	Мусабекова Гүлнара Маратовна	20-315-045- 057	Райымбек даңғылы, 4	жалпы-0,0387 жалпы-0,0155
76	Садықова Махаббат Каримовна	20-315-045- 057	Райымбек даңғылы, 4	жалпы-0,0387 жалпы-0,0194
77	Имамбетов Танірберген	20-315-045- 071	Райымбек даңғылы, 24/52	0,0616
78	Қожанов Маулен Рахымович, Қожанов Бауржан Мауленович	20-315-045- 074	Жетісу көшесі, 49	жалпы-0,0912 үлесі-0,0456
79	Абділмұмов Руслан Изетович	20-315-045- 074	Жетісу көшесі, 49	жалпы-0,0912 үлесі-0,0456
80	Пирмаганбетова Ақмарал Қожағұловна	20-315-045- 077	Райымбек даңғылы, 20	жалпы-0,0907 үлесі-0,0415
81	Беленко Владимир Васильевич	20-315-045- 077	Райымбек даңғылы, 20	жалпы-0,0907 үлесі-0,0492
82	Аманкос Дәулет Аманқосұлы, Аманқос Назгүль Аманқосқызы, Аманқос Айнұр Аманқосқызы	20-315-045- 079	Райымбек даңғылы, 34	0,0489
83	Нюгай Виталий Анатольевич, Нюгай Ирина Георгиевна	20-315-045- 088	Құратов көшесі, 55	жалпы-0,0305 үлесі-0,0208
84	Сахмолданова Гүлбаршин Ғалымбековна, Ерназаров Марат Николаевич	20-315-045- 088	Құратов көшесі, 55, 2-пәтер	жалпы-0,0305 үлесі-0,0097
85	Құрғанбаев Досан Кізтуғанович	20-315-045- 089	Райымбек даңғылы, 2 Б	0,0773
86	Загибина Александра Викторовна	20-315-045- 097	Тянь-Шанская көшесі, 61 А	0,1232
87	Ботай Нұржума, Тауып Ажар	20-315-045- 103	Құратов көшесі, 48, 2-пәтер	жалпы-0,048 үлесі-0,0203
88	Берікбаева Қарылғаш Халықовна	20-315-045- 103	Құратов көшесі, 48	жалпы-0,048 үлесі-0,0277
89	Абенова Калиша	20-315-045- 116	Райымбек даңғылы, 34А	0,0232
90	Ұмиров Ерлан Қонисбаевич, Байзақова Дильфуза Полатовна	20-315-045- 118	Райымбек даңғылы, 16	жалпы-0,0664 үлесі-0,0085

91	Аманжол Аян Айдынулы	20-315-045- 118	Райымбек даңғылы, 16, 2-пәтер	жалпы-0,0664 үлесі-0,0259
92	Қалықұлова Қарқаралы Рахматуловна	20-315-045- 118	Райымбек даңғылы, 16	жалпы-0,0664 үлесі-0,0080
93	Қалықұлова Қарқаралы Рахматуловна	20-315-045- 118	Райымбек даңғылы, 16	жалпы-0,0664 үлесі-0,0240
94	Тағибаева Бахыт Алдашевна	20-315-045- 123	Райымбек даңғылы, 8	жалпы-0,0425 үлесі-0,0190
95	Омарова Абира Рахимовна	20-315-045- 123	Райымбек даңғылы, 8	жалпы-0,0425 үлесі-0,0235
96	Ақылбеков Оразбек Текесбаевич	20-315-045- 181	Арықова көшесі, 56	жалпы-0,0521 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0064
97	Қайдаулова Гүлмира Амангельдиевна	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0083
98	Мойкенова Жанар Аскербековна	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0084
99	Жексенбеков Кенжегүл	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0083
100	Нугманова Арайлым Талғатовна	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0084
101	Абишева Жанар Болатбекқызы	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0084
102	Бондарева Лариса Алексеевна	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0084
103	Умиралиева Жанат Маратовна, Мамұтов Ерлан Маратович, Мамұтов Марат Шанпанович, Сүлейменов Майра Жұпаровна	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0084
104	Антропова Ольга Геннадьевна	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0083
105	Якупов Асхат Равильевич	20-315-045- 183	Жетісу / Арыков көшелері, 47/40	жалпы-0,0753 үлесі-0,0083
106	Азимбаева Раиса Бахрасовна	20-315-045- 203	Арықова көшесі, 58	жалпы-0,0910 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0437
107	Абдуллаева Наргиза Масимжановна, Абдуллаева Майя Масимжановна	20-315-045- 218	Райымбек даңғылы, 10	0,0326
108	Ашимова Айгүль Шеринжановна	20-315-045- 225	Райымбек даңғылы, 12	0,0351
109	Алиева Дина Қумисбековна	20-315-045- 226	Райымбек даңғылы, 2	0,2017
110	Масюков Дмитрий Александрович	20-315-045- 231	Тянь-Шанская көшесі, 61	0,0634
111	Тохтибакиева Замирам Злаудуновна	20-315-045- 237	Райымбек даңғылы, 36/51	жалпы-0,0824 үлесі-0,0161
112	Наметова Гульрана Турсуновна	20-315-045- 237	Райымбек даңғылы, 36/51	жалпы-0,0824 үлесі-0,0155
113	Омаров Алимбай Сайлибаевич, Омарова Гульнара Турматовна	20-315-045- 237	Райымбек даңғылы, 36/51	жалпы-0,0824 үлесі-0,0233
114	Баймолдаева Дина Дидаровна, Баймолдаев Бейсентай Шайнович	20-315-045- 237	Райымбек даңғылы, 36/51	жалпы-0,0824 үлесі-0,0275
115	Құзембаев Мурат Омарович	20-315-045- 248	Құратов көшесі, 50	0,0326
116	Касенова Құлман	20-315-045- 249	Шерхан Мұртаза көшесі, 51	0,049
117	Зюбин Александр Владимирович	20-315-045- 256	Құратов көшесі, 53	жалпы-0,0292 үлесі-0,0146 үлесі-0,0146
118	Садвакасов Бексұлтан Мұхтарұлы, Садвакасов Толеген Мұхтарович, Әбдірауық Жансая Мұхтарқызы	20-315-045- 281	Шерхан Мұртаза көшесі, 46	0,0431
119	Юдин Михаил Геннадьевич	20-315-045- 284	Райымбек даңғылы, 26	0,0692
120	Салиев Дмитрий Владимирович	20-315-045- 336	Райымбек даңғылы, 6	0,0232
121	Ақылбеков Оразбек Текесбаевич	20-315-045- 348	Арықова көшесі, 56	0,0173

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы
№4/530-2128 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын
жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Искакова Асель Саиновна, Амиралин Болат Нурмышевич	20-321-057-255	Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 517/1 үй	жалпы – 0,1224 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0814
2	Примбетова Гаухар Еркиновна	20-321-057-256	Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 517	жалпы – 0,5098 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0558
3	«Kaz Waste Green Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-057-308	Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 517/3	жалпы – 1,9000 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,2948
4	«Евразийская производственная компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-057-322	Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 517/4	жалпы – 0,4700 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,1187
5	Шерханов Қайрат Касымбекович	20-321-057-377	Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 517/5	жалпы – 0,0360 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0153

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2129 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып
қоюға байланысты жер учаскесінің немесе
өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №34.1-34/1185-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автомобиль паркін салу үшін Алыхан Алисултанович Латиповтің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа трактісі, 34/3 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-062-197), ауданы 6,3500 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2130 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір
қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536: қосымшадағы:
реттік нөмірі 10 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«			
10.	Кани Акерке Алдунғарқызы		Сейфуллин даңғылы, 473 В, 2 пәтер

реттік нөмірі 20 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«			
20.	Силина Александра Андреевна		Сейфуллин даңғылы, 473 В, 15 пәтер

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 12 қазандағы №4/524-627: қосымшадағы:

реттік нөмірі 1 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«			
1	Жалалов Дилмурат Алимжанович, Жалалова Малика Юсупжановна	20-321-020-305	«Қарасу» шағынауданы, Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 22 учаске

реттік нөмірі 3, 4 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«			
3.	Ақуан Жәннат	20-321-020-1595	«Қарасу» шағынауданы, Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 26 учаске
4.	Ақуан Жәннат	20-321-020-1596	«Қарасу» шағынауданы, Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 26 учаске

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 23 тамыздағы №3/373-1790: қосымшадағы:

реттік нөмірі 16 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«			
16.	Изотоллаев Берикжазы Омарович	20-321-069-693	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 5-үй

реттік нөмірі 18 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«			
18.	Кенжетгараева Бакыткуль Жахановна	20-321-069-693	«Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 2-үй

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№212 мектеп-гимназия» КММ басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№27 гимназия» КММ басшысы.

Толық ақпаратты Aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№78 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№165 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Толық ақпаратты Aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы қаласы Алатау ауданының №2 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КММ басшысы.

Толық ақпаратты Aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» КМҚК басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы көлік және коммуникациялар колледжі» КМҚК басшысы.

Толық ақпаратты Aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасы «№5 М.Төлебаев атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасы «№7 Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Толық ақпаратты Aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Жастар үйі» әлеуметтік мекемелердің түлектерін бейімдеу және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Толық ақпаратты Aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

КӨҢІЛ АЙТУ

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының ұжымы Орталық басшысы Абай Құсайыновқа анасы **Мәсімхан БАЛТАҚОЖАҚЫЗЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

ӘУЕЖАЙ

Алматы халықаралық әуежайының жаңа терминалында Visit Almaty ақпараттық орталығы жұмысын бастады. Бұл қаладағы әртүрлі жерлерде орналасқан ақпараттық орталықтар желісінің 10-шы нүктесі. Орталық тәулік бойы жұмыс істейді.

VISIT ALMATY

туристерге жол көрсетіп отырады

Халықаралық, сондай-ақ ішкі туристерге ақпараттық және кеңес беру көмегін ұсынады. Күндізгі және түнгі ауысымда жұмыс істейтін білікті кеңесшілер шетелдік туристерге қаладағы бағыт-бағдар бойынша, көрікті жерлерді табуға көмектеседі. Сонымен қатар, мәдени іс-шаралар мен туристік маршруттарға қатысты сұрақтарға жауап береді.

Орталықта туристер үшін арнайы аймақ жабдықталған. Бұл аймақта туристер жүк сөмкелерін жоғалтып алған жағдайда немесе басқа да күтпеген жайттар орын алған сәтте, тек көмек алып қана қоймай, өз мәселелерінің шешімін қолайлы жерде күтуге мүмкіндік алады.

Visit Almaty ақпараттық орталықтары туристерге маңызды ақпарат пен қызметтерге қолжетімділікті едәуір жеңілдетіп, туристік инфрақұрылымды дамытуға және қаланың туристер арасындағы тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

АЛМАТЫЛЫҚ ДЕБАТЕРЛАР

Астанадағы ұлттық турнирден олжалы оралды

№51 Алматы мектеп-гимназиясының «Әділет» командасы елордада Республика күніне орай өткен JasREPUBLIC CUP ұлттық пікірсайыс турнирінде екінші орынға ие болды. Команда құрамына Ажар Сейтова, Мәди Ғылымхан және Анна Слепичева кірген болатын.



Жарысқа өңірлік іріктеу турнирлерінде жеңіске жеткен 40 фракция (команда) құрамында еліміздің үздік 120 дебатары қатысты. Жас спикерлер ұлттық компанияларды жекеселендіру, сот процестерін тікелей эфирде көрсету қажеттілігі туралы, сондай-ақ бұқаралық спорттың

орнына олимпиадалық спорт түрлерін дамытудың басымдығы туралы талқылады және пікір таластырды.

Сонымен қатар, олар Қарулы Күштердің жеке құрамын жаңа жасақтау және қазақстандықтарды үнемдеуге қалай үйрету жөнінде ұсыныстар енгізді. Олар сондай-ақ,

ұлттық идеяның нұсқаларын ұсынды.

Турнир аяқталғаннан кейін барлық қатысушы Парламент Мәжілісінің ғимаратына барып, жоғары заң шығарушы органның жұмысымен танысып, халық қалаулыларымен диалог орнатып, емен-жарқын әңгімелесті.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекіткіштің иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)

- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін, Жеңіл уланған жағдайда мүсөтір спиртіні ішкізіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.
- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ
104

QAZAQGAS
ALMAQ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен алғашқы медициналық, психологиялық және заңгерлік көмек көрсету мақсатында алкоголизмнен, нашақорлықтан және ойынға тәуелділіктен зардап шеккендермен жедел байланысуды қамтамасыз ету мақсатында «Call-орталығы» құрылғанын хабарлаймыз. **8 707 133 50 90.**

Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Адам саудасы бойынша қылмыстардан зардап шеккендермен жедел байланысты қамтамасыз ету мақсатында Адам саудасы бойынша қылмыстар құрбандарына бірінші дәрежелі медициналық, психологиялық көмек көрсету және оларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету баспаналарына қайта бағыттау үшін «Call Center» қызметі құрылғанын хабарлаймыз. **8 707 774 30 60.**

Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

«ШАҢЫРАҚТЫ» ӘН КЕРНЕДІ

Қарттар айлығы аясында «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты әдемі кеш өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл күні аталмыш орталыққа Алатау ауданындағы №212 мектеп-гимназияның оқушылары мен ұстаздары арнайы келіп, өз өнерлерін көрсетті. Ұстаздардың әуелете салған әдемі әні мен балалардың өнеріне «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығында тұрып жатқан 302 қарияның көңіл күйі көтеріліп, бір серпіліп қалды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы ұйымдастырылған шараның басты мақсаты – ұлттық құндылықтар

тарымызды дәріптеп, қарияларымызды құрметтеу. Сонымен қатар, жас ұрпақ бойына адамгершілік, отаншылдық, ізгілік

НҰРТАС ОҢДАСЫНОВ – 120

ХАЛҚЫНЫҢ АДАЛ ПЕРЗЕНТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың 120 жылдығына арналған «Тарих және тұлға: зияткерлік және құндылық бағдары» атты ғылыми-теориялық конференциясы өтті. Бұл туралы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспасөз қызметі мәлім етті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Құттықтау хаттары оқылды.

Конференцияға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, қаламгерлер қатысты.

– Қазақстанның қалыптасуына ерен еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың тарихта аты алтын әріппен жазылды. Ол мемлекет тізгінін ұстаған кезде Қазақ қыздар педагогикалық институты, Дене шынықтыру институты, сол кезде Абай атындағы университет ашылды. Республикада, облыстарда білікті мамандар дайындалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Атырауды басқарды. Мұнай саласын жандандырды. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы Дінмұхамед Қонаевтың, ұлтжанды тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің қалыптасуына негіз жасады. Ғылымда аты қалды. Қазақ халқының арда азаматтарын ардақтай берейік, – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Жиынға жиналған мәртебелі қонақтар тарапынан ұлтымыздың еңсесін тіктеуіне зор еңбек сіңірген тұлға жөнінде ой-пікірлер айтылды.

– Мемлекет басшысы Нұртас Оңдасыновтың мемлекет басқару ісін жаңа деңгейге көтергендігін, отаншылдығын, жанашырлығын өз сөзінде айтқан болатын. Әйгілі

мемлекет қайраткерінің атаулы датасы көптеген жерде аталып өтті. Ол өзінің адал еңбегімен биік дәрежеге көтерілді. Оның ұстанымы бүгінгі Әділетті Қазақстан бастамасымен үндес деп білеміз, – деді ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев.

Қазақтың дара тұлғалары жайында іргелі, шешірілі еңбек еткендігі хақында да жақсы сөздер өріс алды.

– Нұртас Оңдасынов ағамыз жайында біраз шежіре әңгімені бала кезден естіп өстік. Ортағасырлық ақын Қожа Ахмет Ясауи бабамызбен бұл кісінің өмір жолын негіздейміз. Екі тарихи тұлға да жастай анадан қалған. Қай жерді басқарса да өніп-өсуіне қызмет қылды. Академия құрылысына тікелей мұрындық болды. Тарихты жазды. Зейнетке жеткенде өз еркімен қызметін тапсырып, ғылымға бет бұрды. Ол өз халқын шексіз-шетсіз сүйді, – деді ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов.

Сонымен қатар, ұлт зиялысының өмір жолы, шығармашылық бағыттары бойынша да зерделеушінің пікірін білдік.

– Қазақ халқының мандайына біткен бірегей де ерекше тұлға дер едім. Нұртас Оңдасыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеп келеміз. Мақсат – өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, қазақты ұлттық болмысының сақталуына кеңестік идеология тұсында себепкер болған арда азаматымызды ұмытпауымыз керек. Қайта тарихи жағынан да зерттеу қажет, – деді Н.Оңдасыновтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуші Гүлсім Оразалықызы.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ–125



«Ғылым ордасы» ғимаратында ҚР Президенті жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен еліміздегі Ғылым академиясының негізін қалаушы, көрнекті ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығына орай, «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының арнайы жобасымен шыққан «ҚАНЫШ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МАЙДАН» кітабының таныстырылымы өткізілді.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА

«Қаныш және ғылыми майдан» кітабының таныстырылымы ұйымдастырылды



Айнабай
МӘДИ

Бір қызығы, аталған кітаптың таныстырылымы академик Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдар көзін ашқан Жезқазған мысының тұңғыш балқытылған тарихи күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Ғұлама ғалымға арналған салтанатты іс-шараға қатысқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының басқарма президенті Ақылбек Күрішбаев, Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, Сәтбаевтың немересі, профессор Әлима Жармағамбетова рәсімді ашып, жарық көрген тарихи құнды кітаптың байламын шешті.

Басқосу жиынына қатысқан зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ЖОО оқытушылары, студент-жастар мен БАҚ өкілдері шаһарда ұйым-

дастырылған шырайлы шара аясында ертеректе өте аз таралыммен шығып, ғылыми айналымға түсіп үлгермеген, сондай-ақ қайта басып шығаруға рұқсат етілмеген «Бала Қаныш оқыған кітаптар» топтамасы, «Қаныштың жастық шағы», «Жас Қаныш» пен «Қуғындалған Сәтбаев» кітаптарымен қайта қауышты.

Аталған еңбектердің қайта жарыққа шығуы қоғамда мол сұранысқа ие екенін білдіреді. Қазақтың мандайына біткен академиктің бар болмысы, шырғалаң өмір жолы, ғылым жолындағы жанқиярлық ерлігі экзистенция сараптамасымен сараланып, түгелдей талданған. Ғылым академиясының ашылуына (1946 жылы), оның тарихи жетістігіне Сәтбаевтың қосқан сүбелі үлесі бар. Аталған еңбектерден соны аңғаруға болады. Замандастары Мұхтар Әуезов, Жұмабай Шаяхметов, Шапық Шөкин, Шақмардан Есенов, Ебіней Бөкетов, Есмағамбет Ысмайлов, Бейсенбай Кенжебаев сынды ғалымдардың сирек кездесетін, бұрын-соңды

жарық көрмеген тың деректері қамтылып, ұсынылған. Қазақ мәдениеті мен танымына және ұлтшыл тұлғалардың өміріне қызығатын барша оқырманға арналған.

«Ғұлама ғалым, қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай жарыққа шыққан «Қаныш және ғылыми майдан» кітабы – аса құнды дүние. Мұны ел өміріндегі елеулі оқиға деуге болады. Қаныш Имантайұлы – қаншама қиындыққа қарамай, ғылым жолында жанкештілікпен еңбек етіп, еліміздің бүгінгі инновациялық даму жолына батыл да сара жол салған ұлы тұлға. Сәтбаев металлургияда ғана емес, қазақ әдебиеті мен фольклорының, мәдениеті мен музыкасының асқан білгірі болды. Мына еңбектерде осы ұлтымыздың бай мұрасы жан-жақты айтылады. Ұлтын сүйген ұлы тұлғаны ұлықтау – ортақ парызымыз. Алматы қаласының әкімдігі бұл бағыттағы іс-шараларды үнемі қолдап келеді», – деді Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков.

